Тайынша таңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 15 (982) 5 сәуір 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany | http://tainshatany.kz | tainsha_tan@list.ru

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР, ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Біздің ауданға үлкен судың келуіне бәріміз куә болдық. Барлық жерде Төтенше жағдайлар қызметкерлерінің күштерімен су тасқынына қарсы іс-шаралар жүргізілуде. Күндіз де, түнде де құтқарушылар белбеуімен мұзды суда тұрып, тұрғын үйлерді су басудан және олардың тұрғындарына зиян келтірмеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатыр. Тайынша ауданының барлық тұрғындарының атынан Сіздердің еңбектеріңіз үшін рахмет! Осы қиын кезеңде аудан орталығында да, ауылдық округтерде де біздің жанашыр азаматтарымыздың белсенділігіне ризашылығымды білдіргім келеді, олар құтқарушылармен бірге инертті материалмен қаптар дайындады, үйінділерді нығайтты, су өткізу құбырларын тазартты. Бұл жоғары жауапкершіліктің, азаматтықтың және өз Отанына деген сүйіспеншіліктің белгісі деп білеміз. Жалпы осы төтенше жағдай кезіндегі жұмсаған күш – жігерлеріңіз бен алтын уақыттарыңыз үшін алғысымыз шексіз! Сіздердің ынтымақ – бірліктеріңіздің, достық қолдауларыңыз қиындықтарды жеңуге және су тасқыны кезінде көмектескендеріңіз – ол әрқайсымыздың азаматтық парызымыз деп білейік. Су, азық – түлік, ыстық шай жеткізуді ұйымдастырған кәсіпкерлерімізге, еріктілерімізге де мың алғыс!

Ауданымызға Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов келді. Өңір басшысы су тасқынына қарсы іс-шаралардың барысын тексерді, жергілікті жерлердегі жағдайды бағалады, тұрғындармен, төтенше жағдай қызметкерлерімен, Түркістан облысынан бізге келген құтқарушылармен сөйлесіп, атқарып жатқан ерен еңбектің барысын көрді. Облыс әкімі барлық қызметтердің үйлесімді жұмысын, жергілікті халықтың табиғат апатына қарсы күрестегі бірлігін атап өтті. Облыс әкімі төтенше жағдай кезінде, асқан жауапкершіліктің қажет екенін ерекше атап айтты. Сонымен қатар, су әлі де келе жатқанын атап өтті.

Тайыншалықтар, Жерлестер, сіздер бүгінгі таңда, яғни күнделікті не болғанын фейсбук парақшаларынан көріп, байқап отырсыздар. Біздің қоғамдастық нақты көмекке мұқтаж болған осындай сәттерде, су тасқыны мен дағдарыс уақыттарында бақылап емес, керісінше бірлесіп және белсенді қолдау көрсетіп, алғы шепте сумен арпалысып жүрген азаматтарға қосылуға шақырамын. Қаптарды құммен толтыруға көмектесіңіз, көмекке мұқтаж адамдарға қолдау көрсетіңіз, әркім өз үлесін қоса алатындығы туралы ақпарат таратыңыздар. Мұндай қиын кезеңдер адамзаттың шынайы құндылықтарын көрсетеді. Сырттан емес, бірге әрекет ету арқылы қоғамымызды, кінәсіз қала мен ауыл тұрғындарын апаттан арашалап, көмек қолын созайық. Сөздерімізді іс-әрекетке айналдырып, не істей алатынымызды көрсетейік. Баршаңызды қиын кезеңде бір ортада болып, халықтың игілігі мен қоғадағы ортақ тыныштық үшін әрекет етуге шақырамын.

Сәрсенбай БЕКШЕНОВ,
Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы.

** АҚОРДА*

СУ ТАСҚЫНЫН КӨРГЕНДЕ, КӨКТЕН ТҮСКЕНДЕЙ АБДЫРАП ҚАЛДЫҢЫЗДАР – ПРЕЗИДЕНТ

Президент су басқан аймақтарда әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу мәселесіне Үкімет назарын аударды, деп жазады Egemen.kz.

«Су тасқыны мен өртке қатысты жағдай жыл сайын қайталанады. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің (Қазсушар, Қазгидромет) жобалау, сараптама жасау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Тиісті шаралар, негізінен, жағдай орын алғаннан кейін немесе толыққанды болжам жасалмай қабылданады. Сондықтан бізге дағдарыс жағдайларын болжаудың нақты тетігі өте қажет. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды (су тасқыны, өрт және т.б.) модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсынымдар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуге тиіс.

Айтпақшы, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, ең алдымен, облыстардың әкімдері жазғы маусымға да дайын болуы қажет. Өрт немесе басқа да табиғи апаттардың болуы әбден мүмкін. Қазіргідей қамсыз отырмай, алдын ала әрекет ету керек. Су тасқынын көргенде, көктен түскендей абдырап қалдыңыздар. Осы ретте еліміздің шығыс өңірлеріндегі су тасқынын модельдеу жөніндегі ТЖМ мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының бірлескен жұмыс тәжірибесін қолдануға болады», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Қ.Тоқаев әкімдіктерге еріген қар суын елді мекендерден өзен арналарына немесе тоғандарға бұру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Дана МЫРЗАҚАДІР, Egemen.kz.

ЖАҒДАЙ ӘЛІ ДЕ КҮРДЕЛІ

Еліміздің батыс өңірінде су деңгейі шамалы төмендегенімен, елдің орталық, солтүстік және шығыс бөлігінде өзен сулары көтеріліп жатқаны байқалады. Әзірге бес облыста су басу қаупі бар. Жергілікті ауқымдағы 20 төтенше жағдай жарияланды. Ал Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарында жағдай әлі де күрделі.

«Ақтөбе, Қостанай, Атырау, Ақмола, Қарағанды облыстарында 55 жеке тұрғын үй және 8 аула аумағы су астында қалған (су тасқыны басталғаннан бері 1 376 үй және 1 319 аула аумағы). 28 үй мен 39 аула аумағынан еріген қар суы сорғызылды (су тасқыны басталғаннан бері 358 үй мен 988 аула аумағынан су сорғызылды). 1 345 адам, оның ішінде 496 бала құтқарылды (су тасқыны басталғаннан бері 17 131 адам, оның ішінде 6 683 бала). Қазірге дейін 5,7 млн текше метрден аса еріген қар суы сорғызылған.Кейінгі деректер бойынша тез еріген қар суы Ақмола облысы Жарқайың ауданының Пригородное аулындағы 8 жеке тұрғын үйді басып қалған. 19 адам, оның ішінде 2 бала және 1 жүкті әйел құтқарылып, тұрғындар туыстарының үйлерін уақытша паналай тұруға мәжбүр. Сондай-ақ ауыл тұрғындарының 34 бас малы қауіпсіз жерлерге жеткізілді. «Республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар 18 автожолды су шайды. Су шайған 77 автожол, оның ішінде 4 көпір және 73 жол төсемі, су жүрген 93 автожол бақылауда. Жергілікті атқарушы органдар халықпен байланыс орнатып, қажетті азық-түлік және дәрі-дәрмек қорларын құрған, 67 елді мекен көлік қатынасынсыз қалды», - дейді Д.Ғалымжан. Ақтөбе облысында «Тереңсай» бөгетінің суы арнасынан асып, Әйтеке би ауданының Әйке аулындағы 2 жеке тұрғын үйді су басқан.Әйке аулынан Жүргенев аулына 297 адам, оның ішінде 79 бала эвакуацияланды. Ал Ойыл ауданының 5 елді мекеніндегі жеке үйлерді су басуына байланысты Қорғаныс министрлігі әуе кемелері арқылы 85 адам, оның ішінде 27 бала құтқарылған.

Бақытбек ҚАДЫР,
журналист«Егемен Қазақстан» газетінен.

ОБЛЫС ӘКІМІ ТАЙЫНША АУДАНЫНДА

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Тайынша ауданына келіп, аудан орталығында, сондай-ақ Теңдік, Донецк және Летовочный ауылдарында су тасқынына қарсы іс-шаралардың барысын тексерді.

Тасқын сумен күресу үшін қапшықтар мен инертті материалдарды дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғ.Нұрмұхамбетов құтқарушылармен және еріктілермен кездесіп, оларға жауапты кезеңдегі қажырлы еңбектері үшін алғыс айтып, аудан орталығы мен ауылдық округтердің тұрғындарымен сөйлесті.

— Әрбір ауыл әкімі елді мекендерден еріген қар суын бұру жұмыстарын жүргізуі тиіс. Егер су аулаларға кіріп, мүлікке зиян келтірсе, біз бұл мәселені де шешеміз. Тиісті қаражат қарастырылған. Аудан деңгейінде комиссия құрылсын. Егер су басу жағдайлары туындап жатса, залалды есептейтін боламыз, - деді Ғ. Нұрмұхамбетов Тайынша ауданының әкімі Берік Әлжановқа.

- Қазір Департамент жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп бірқатар алдын алу шараларын жүргізіп жатыр. Облыста 87 елді мекен су тасқынына бейім. Яғни, су тасқыны еріген сулардан және су қоймаларындағы су деңгейінің көтерілуінен орын алуы мүмкін. Тәулік бойы мониторинг жүргізіліп жатыр - деді Төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Мұрат Қанғожинов.

Әлбетте, жағдай өте күрделі болғанымен, аудандағы уәкілетті қызметтердің жіті бақылауында. Қауіпсіздік мақсатында халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мәселен, үлкен көлемде су келсе, өздерін қалай ұстау керек деген сұрақтарға жауаптар қайтарылуда. Бүгінде екі эвакуациялық қабылдау пункті жасақталған: №5 ОМ және Тайынша қ. Агробизнес колледжі. Аудандық шұғыл әрекет ету қызметтері күндізгі және түнгі уақытта жұмыс істейді, оларға қоғам белсенділері, еріктілер, бей-жай қарамайтын аудан тұрғындары қосылуда.

Су тасқынына қарсы күреске белсенді қатысқан азаматтарға алғыс айтамыз. Су тасқынынан тұрғындар мен елді-мекендерді аман сақтап қаламыз, бұған күмәнданудың қажеті жоқ. Осы мақсатта барлық күш-жігер жұмсалатын болады.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

АВТОМАТТЫ ФОРМАТТА ҚЫЗМЕТ АЛАТЫН БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ САНЫ ӨСУДЕ

01.01.2024 ж. мен 29.02.2024 ж. аралығында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халыққа 15,9 млн. астам қызмет көрсетті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,5 есе көп. Жүргізілген операциялардың ішінде электрондық форматта – 4,2 млн. астам, автоматты форматта – 11,4 млн, қашықтағы форматта - 0,1 млн., күндізгі форматта 214 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Оның ішінде тікелей Қордың кеңселерінде - 201 мың қызмет.

Автоматты режимде көрсетілетін қызметтер саны 10 есе өсті. Оларға, ең алдымен, БЖЗҚ – ның негізгі операциялары - шоттар ашу және төлемдерді жүзеге асыру жатады. 2024 жылдың алғашқы екі айында шартты зейнетақы шоттарын (жұмыс берушінің ЖМЗЖ аудару нәтижесінде ашатын) және нысаналы жинақтаушы шоттарды (НЖШ, "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 3,4 млн. Айта кету керек, шоттарды автоматты түрде ашу, кәмелетке толмаған азаматтарға нысаналы талаптарды есептеу және ЖМЗЖ сомаларын есепке алу БЖЗҚ-ның мемлекеттік органдардың дерекқорларымен интеграциялануының арқасында мүмкін болып отыр. Сондай-ақ, автоматты форматта " Ұлттық қор – балаларға "бағдарламасына қатысушылардың нысаналы талаптары, нысаналы жинақтарды алушыларға төлемдер, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын төлеу есепке алынады.

Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу әлі де танымал қызмет болып табылады. Жыл басынан бері ЖЗШ, ШЖШ, НЖШ-дан 4,8 млн - нан астам үзінді көшірме берілді, оның 3,7 млн-ы электрондық түрде (үзінді көшірмелердің жалпы санының 77%) және 988 мыңнан астамы автоматты режимде (үзінді көшірмелердің жалпы санының 20%). 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша "Ұлттық қор-балаларға" бағдарламасы шеңберінде нысаналы жинақтарды төлеуге 775 өтініш қабылданды, оның 288-і тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және 487-сі білім беру ақысын төлеуге.

БЖЗҚ сайттағы және мобильді қосымшадағы жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты мерзімсіз немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, инвестициялық портфельді басқарушының (ИПБ) жинақтарының бір бөлігін төлеуге, аударуға өтініштің мәртебесін қадағалау, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу және т. б. қызметтерді әлемнің кез келген нүктесінде 24/7 режимінде пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады.

2024 жылғы қаңтар-ақпанда деректемелерді өзгертуге 48,8 мыңнан астам өтініш қабылданды, оның 42,4 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңесте ала алады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 5,9 мыңға жуық көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 137 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 7,5 мың материал орналастырылды.

Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 134 мыңды құрады.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады, ол үшін жай ғана 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қордың сайты немесе мобильді қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры.

АЛАЯҚТЫҢ МАҚСАТЫ – ПАЙДАЛАНУШЫНЫ АЛДАУ

Соңғы айларда әр түрлі мемлекеттік құрылымдар мен ірі банктердің өтемақы төлейтіні туралы алаяқтықтың жаңа схемасы қарқын алуда. Қаскүнемдер беру тәсілін, төлем сомасын, ұйымның атауын немесе нысаналы аудиторияны өзгерте отырып бұл схеманы мезгіл-мезгіл қолданады. Алаяқтардың бір ғана мақсаты бар – әрі қарай өзінің пайдакүнемдік мақсатына пайдалану үшін азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізу.

Fingramota.kz интернеттегі алаяқтықтың бұл түрі туралы әңгімелеп, қарсы қорғаныс әдістерімен бөліседі.

Еңбек министрлігінен ҚР барлық азаматтарына өтемақы төлеу

Өткен жылдың соңынан және ағымдағы жылдың басынан бастап Facebook, Instagram, Telegram және YouTube әлеуметтік желілерінде: «Бүгінгі күннің жаңалығы! Әркімге 3 млн мөлшерінде төлем *қолжетімді… Сайтында ЖСН-ді тексеріңіз» немесе «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен барлық азаматтарға өтемақы төленеді» және т.б.* сияқты еліктіргіш тақырыптағы мемлекеттік органдар сайттарының атын жамылған жарнамаларды жиі көруге болады. Азаматтарды барынша тарту үшін алаяқтар танымал тұлғалардың суреттерін пайдаланады. Азаматтарды адастыру үшін қылмыскерлер әр жарнамалық посттың астына «Жылдам төлем үшін рахмет», «Сома дәл айтылған күні түседі!», «Шұғыл түрде өтініш беріңіздер» деген сияқты түрлі боттардың комментарийлерін салып қояды.

Аталған сайттарға кіргеннен кейін осы ақшаны алудың басты талаптарының бірі ЖСН, банк картасының деректері, SMS хабарлама енгізу сияқты дербес деректерді беру болады. Өтемақы тек тіркелген азаматтарға ғана төленеді-мыс.

Азаматтар сұратылған ақпаратты енгізгеннен кейін, олар алаяқтардың жеке мәліметтерге қол жеткізуіне автоматты түрде мүмкіндік береді, олар кейіннен азаматтардың шоттарынан барлық ақшаны есептен шығара алады немесе тіпті кредит ресімдей алады. Сондай-ақ, күмәнді сайттарға өткеннен кейін, сіздің гаджеттеріңізге шпиондық бағдарламаны орнатуға негізделген хакерлік шабуылға тап болу қаупі туындайды. Осы бағдарламалар арқылы алаяқтар сіздің онлайн-банкингіңізге және басқа да жеке деректеріңізге қол жеткізе алады.

Қаржылық алаяқтардың мақсаты біреу: қылмыскерлер азаматтарды алдау арқылы олардың ақшалай қаражатын алады, шоттар мен карточкалардан қолда бар қаражатты ұрлайды немесе кредит береді.

Баптар бойынша жаза қаржылық қылмыстар үшін ауыр әкімшілік немесе қылмыстық жазаларды көздейді, ҚР ҚК-тің 190-бабы.

Қайталау-оқу анасы: фишинг арқылы азаматтардың деректерін қолды қылу

Алаяқтар өздерінің қаріптерін, логотиптерін және жалпы танымал дизайн стилін қолдана отырып, қолданыстағы сайттарға (мысалы, белгілі банк немесе онлайн-дүкен) ұқсас зиян келтіретін сайттар жасайды және олардың атынан азаматтардың электронды мекенжайларына өткізілетін конкурстарға қызықтыратын ұсыныстар, пікіртерімдер мен сыйлықтар алу мүмкіндігі туралы хабар жібереді. Бір қарағанда, сайттың сенімді-сенімсіз екенін анықтау өте қиын, жалғыз айырмашылық тақырыптың бір әріпінде немесе түсінде болуы мүмкін. Алаяқтың мақсаты – пайдаланушыны алдау және оны өзі және оның карточкасы туралы құпия ақпаратты ашуға мәжбүрлеу.

Сондай-ақ сайтты ауыстыру маркетплейстерге де қолданылады. Тауарларды интернет арқылы сатып алатын кезде жиі жағдайда толығымен немесе ішінара алдын ала төлем жасау қарастырылады. Нәтижесінде аударылған тұтастай ақша дүкен иесінің шотына түсіп, ол алдын ала төлемді алғаннан кейін жай ғана тауарды жібермеуі немесе сапасыз тауарды немесе сипаттамасына сәйкес келмейтін тауарды жіберуі мүмкін.

Бұдан басқа, интернет-ресурстар жасыру қызметтерін ұсынатын шетелдік сайттардың көмегімен тіркелуі мүмкін, бұл бірқатар жағдайда алаяқтар туралы дұрыс мәліметтер алуды қиындатады.

Сондай-ақ, күдікті интернет-ресурстардан тіркеуден өтудің және осылайша танымайтын адамдарға өзіңіздің жеке деректеріңізді берудің қажеті жоқ.

Әркім білуге тиіс негізгі қауіпсіздік қағидалары:

- Ақпаратты әрқашан ресми сайттардан ғана тексеріңіз.
- Өзіңіздің жеке және банктік деректеріңізді жария етпеңіз. Карталарды үшінші тұлғаларға бермеңіз.
- Ақша туралы сөз қозғайтын бөтен адамдардың қоңырауларына сенбеңіз және ең дұрысы, банктің колл-орталығына қайтадан қоңырау соғыңыз.
- Телефонға қосымшаларды рұқсаты жоқ дүкендерден орнатпаңыз және конфиденциалдылық теңшеулерін мұқият қадағалаңыз.
- Төлем картасындағы 3D-Secure функциясын өшірмеңіз.
- Барлық транзакцияны көріп отыру үшін мобильді банкингте SMS және push-хабарламаларды орнатыңыз.
- Барлық онлайн-сауданы еңбекақы картасынан бөлек төлем картасының көмегімен және тексерістен өткен сайттарда ғана жасаңыз.
- Электронлық поштаға немесе мессенджерге жіберілген белгісіз салынған файлдарды іске қоспаңыз.
- Фишингтік сайттарға өткен жағдайда дербес деректеріңізді енгізбеңіз.
- Алаяқтық сайттарға өтудге жол бермейтін сенімді вирусқа қарсы бағдарламаны орнату қажет.
- Ақшалай қаражатыңызды ұрлаған жағдайда, құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

Алаяқтар өздерінің әрекеттерінде қарапайым адами сезімдерді жиі пайдаланады, мысалы, оңай ақшамен байланысты табыс табу. Әлеуметтік инженерия арқылы қарым-қатынас кезінде қаржылық шығындарды болдырмаудың жалғыз жолы - өтемақы, лотерея ұтысы, жеңіл немесе толық емес жұмыс, пайдалы инвестициялар болсын, ақшаға қатысты кез келген ұсыныстарды сыни тұрғыдан қабылдау керек. Әрқашан ақпаратты екі рет тексеріңіз және маңызды қаржылық шешімдер қабылдағанда ешқашан асықпаңыз.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ...

Қолданыстағы еңбек заңнамасы квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғаларға белгілі бір шектеулерді көздейді.

Бұл сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналастыруға жол берілмейді деген сөз.

Конституциялық Соттың 2023 жылғы 31 тамыздағы нормативтік қаулысы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы осы түсіндіруде Конституцияға сәйкес деп танылды:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға құқықтық байланысты сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлғаның квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналасуын шектеу осы ұйымдарда басқару функцияларын орындаумен байланысты лауазымдарға орналасуға үміткер адамдарға қолданылады.

Бұрын квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жұмысқа орналасуға шектеулер сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға қатысты барлық лауазымдарға қолданылса, енді бұл ақпарат тек басқару функциялары бар қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты лауазымдарға орналасуға үміткер тұлғаларға қатысты талап етіледі.Бұл санатқа «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның 1-бабы 2-тармағының 2-1) тармақшасына сәйкес осы ұйымдарда тұрақты, уақытша немесе арнайы уәкілетті орган бойынша ұйымдастырушылық, әкімшілік немесе әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын адамдар жатады.

Ақпарат алу үшін құжаттарды қабылдау және беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы және оның eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.Қызметті орындау мерзімі 10 (он) минут, орнатуды қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Қызмет сонымен қатар жұмыс берушілер жұмысқа орналасуға ниетті кандидаттар туралы ақпаратты «электрондық үкімет» порталында орналастырылған «Үшінші тұлғаларға анықтамалар беру» қызметі арқылы олардың келісімі бойынша «жеке кабинеті» және (немесе) SMS-хабарлама арқылы алу мүмкіндігіне ие.

ҚР Бас прокуратурасы
Құқықтық статистикасы және арнайы есепке комитетінің СҚО бойынша департаменті.

***КӨПШІЛІК НАЗАРЫНА!**

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Көктемгі су тасқынын қатаң ескертеміз! Мүліктің бұзылуының алдын алу, қайғылы оқиғаларды болдырмау мақсатында тұрғындар келесі шараларды қолдануы керек:

- Мессенжерлардағы метеожаңалықтар мен хабарламаларды бақылап отыру;
- Тұратын жерінің су алатын шекараларын анықтау;
- Үй жанын қардан, қоқыстан тазарту, мүмкіндігінше қарды елді мекен сыртына шығаруды ұйымдастыру;
- Үй жанында орналасқан су өткізетін құбырларды тазарту;
- Аулада су ағатын арықтар жасау;
- Су өткізетін құбырлардың бастарын тазарту, жауын ағатын құбырларды тазалау;
- Үйдің аумағын су көшкінінен қорғайтын қолда бар материал дайындау (қап, топырақ, құм);
- Үй қоршауда қалған жағдайда қажет болатын ең керек деген заттарды дайындау;
- Алдын ала үй жануарларын қайда жіберетінін ойластырып қою;
- Үй заттарын, жертөледегі тағамдарды барынша жоғары жерге ауыстыру;
- Аулада мейілінше шаруашылық заттарын аз қалдыру, сумен ағып кетуі мүмкін;
- Жанар-жағар май құйылған ыдыстарды жақсылап жауып, ашылып кетпеуін тексеру;
- Қарт, ауыратын адамдарды тасқын қаупі кезінде басқа қауіпсіз жерге апару;
- Су сорғыш, шелек, күректерді дайындап қою;

Көктемгі су тасқыны балалар үшін аса қауіпті.

Ата-аналар мен үлкендердің қарауынсыз қалған балалар, жағалауда ойнауы жиі орын алады. Бұл жағдайлар қайғылы аяқталуы мүмкін. Әсіресе көктемде балалар ойнайтын жерлерді қатаң бақылау керек.

Көктемгі су тасқыны кезінде мыналарға тыйым салынады:

- Өзен, көлге шығуға;Құлап кету мүмкіндігі бар жағалауларда тұруға;

Тайынша аудандық төтенше жағдай бөлімі.

*Артық болмас білгеніңіз!

АСЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қазақтың ұлттық ойындарының жалпы қалыптасу кезеңі біздің заманымызға дейінгі VII-IX ғасырлар. Қазақ жеріндегі көшпелі тайпалардың қай-қайсысы болмасын, қай кезеңде дамымасын олар тек өндірістік құралына пайдалануға жарамды тас, ағаш, сүйек тағы басқа табиғи заттар осы дәуірде қалыптасқан ұлт ойындарында қолданылады. Асық – қазақтың ықылымнан келе жатқан ұлттық спорттық ойындарының бір түрі. Асық – төрт түлік малдың ішінде қой-ешкінің тілерсегінде, асықты жілік ба¬сында орналасатын шымыр сүйек. Қазақта асық қасиетті саналады.

Баласы ұл болса, бесігінің басына бөрінің асығын іледі. Бәле-жаладан аулақ, шымыр-қайратты болсын дегені. Қыз болса, бесігіне еліктің асығын (жабайт) тағады. Сұлу, көркі болып бойжетсін деп ырымдағаны. Келіні құрсақ салғанда, атасы мен әжесі ырымдап асық жинайды. Онысы – ұл тілегені. Келінге көз тимесін, аман-есен босансын дегенге саяды. Мысалы, менің есім кіргенде, біздің үйде әке-шешем жиған алпыс асық болған. Жаугершілік заманда бабаларымыз соғыс стратегиясын, соққы беретін тұсты асықты шашып жіберіп түсіндіріп, жос¬парлаған. Есі кірген қазақ ба¬лаларының ең алғаш ойнайтыны да осы – асық ойыны. Асықтың түр-түрімен балалар мен үлкендер де қызығып ойнаған (асықты қазіргі баспаларда балалар ойыны деп жүр). Бұл жөнінде көркем әдебиеттерде де мысалдар көп. Дәлел ретінде Ы.Алтынсариннің «Асан мен Үсен» әңгімесі... Кезінде үлкендер бұл асықпен иіру арқылы шешілмеген дауларын шешіп ымыраға келген күндері болған. Н. Жүсіп «Тутанхамонның асығы» мақаласында мысыр патшасы Тутанхамонның ойыншығы асық болағанын айта келе, «Асық ойнау – балалардың дүниетанымын кеңейтетін ойын. Әркім өз асығын қателеспей тауып үшін түрлі түске бояған. Балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық – кәдімгі санағыштың рөлін қоса атқарады. Асықтарды қаз-қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез келген баланың математикаға бейімін арттырады» . Сондай-ақ асық ойыны көз мергендігіне, қол буындарының икемді болуына баулиды. Асықты ше¬бер ойнайтындар бір кенейді көздеп атқанда, сақасын түпте немесе одан кейін ататын кенейіне таман жібереді. Бұл – геометриялық есеп әрі ұқыптылық. Екінші асығын жақыннан атып алу үшін, ұту мақсатында. Оған бала күнімде, ауылда талай куә болғам. Әдіс жағынан келгенде, бұл қырын бильярд ойынымен ұштастыруға болар еді. Асық ойындары «Үш табан» (кон) тігу ойынының ережесі1. Жерге (тас жолға) түзу сызық жүргіземіз (сызылады), оның ұзындығы ойыншылар санына байланысты. Бұл «кон» болып табылады. Үш табан ойынына 2 немесе 4 бала (төрттен көп болмағаны жөн) асық тізіп ойнайтын ойын. 2.Әр ойыншы конға өзінің бір асығын қояды. Келісім бойынша бірнеше асық тігуге болады. 3.Әр ойыншы өз мүжік асығын конға қабырғасымен жатқызып «алшы» немесе «таған» етіп қояды. Екі асықты қатар бірдей бір жағымен тігуге болмайды, егер біреу абайсызда бірдей бір қабырғасымен қойған болса, онда кез келген ойыншы оның асығын тәркілей алады, мүндай жағдайда ойынға қатысу үшін айып салынған ойыншы басқа асығын конға тігуі қажет. 4.Әр ойыншының өзінің «сақасы» (соғушы-асық) болуы тиысты, ереже бойынша бұл асық көлеміне, бояуына және шік жағына құыс жасап құйылған қорғасынына, немесе басқа түсті теміріне қарай бірнеше жай асықтардың құнына тенейді. Ату кезегі сақаларды иіру арқылы анықталады, егерде екі, немесе үш асық бірден алшы түссе иіру жеребесі қайталанады.

Осылайша ату кезегі тиесілі сақасы алшы, таған, шік және бүк түскен тастармен анықталады. 5.Коннан (келісім бойынша) 3-5 метр жерге бормен сызық сызылады және осы сызықтан ойыншылар өз кезегі бойынша сақаларын конға қойылған асықтарға иіре көздеп атады. 6.Егер атқанда асыққа тигізіп қана қоймай, оны табанмен санағанда (адым емес) үш табан қашықтықтан асыра кетіруі тиіс, сонда ғана ойыншы кетірген асығын алады және ойынды жалғастырып, сақасы тоқтаған жерден соққы жасайды. 7.Егер ойыншының «сақасы» тізілген асыққа тимей мүлт кетсе, онда кезек келесі ойыншыға ауысады. 8.Егер ойыншының «сақасы» асыққа тисе, бірақ олардың арасы ягни «сақамен» асықтың арасы үш табаннан аз болса, онда келесі ойыншы өз кезегі келген кезде ойынды «сақа» жатқан жерден жасайды. 9.Ойын келесі ойыншыға көшеді, ол өз кезегінде қарсыласының «сақасын» соққы жасауғаынғайлы жерде орналасса атуына болады, егер ол алдынғының сақасына тигізіп 2 табан өлшемнен асыра кетірсе, бірінші бала ойыннан шығады және ортаға тізілген асықтардың біреуі мен ұтылғанның сақасы әлгі екінші балаға тиесілі болады. Ол өз кезегін осылайша асығы тоқтаған жерден жалғастырады, «сақасы» тимесе, не мүлт кетіп жатса, ойын үшінші балаға ауысады. 10.Ал түптегі үшінші ойыншы да қаласа екі жақтағы «сақаның» жақын түскенін өзіне сенсе, «сақасын» «күйдіреді», қаламаса тізілген асықтардың екінші жағына 2-3, не одан да жақындау жерге асығын иіреді, «сақасы» алшы не тәйкі түрса тізілген асықты атады,«сақасы» бүк, шік түссе ойын келесі ойыншыға ауысады. 11.Келесі ойыншы да қаласа түпке (конда) «сақасын» иіреді, егер «сақасы» алшы\тәйке тұрса, түптегі асықтарды шертуге құқық алады,бұл іс жүзінде ұтысты білдіреді. 12.Егер ойыншы асыққа тигізіп, бірақ оны ала алмаса, ал «сақа» алшы түссе, онда ойыншы қосымша соққыға ие болады. 13.Асыққа тигізе алмаған ойыншы «сақа» тоқтаған кезде жатсын сөзін айтуы тиіс, себебі қарсыластары кетсін сөзін айтып,оның «сақасын» алысқа лақтырып жіберуі мүмкін, мүндай жағдайда ойыншы келесі кезекте ойынды «сақасы» жатқан жерден бастайды. Ойын осылай кондағы (түптегі) тізілген асық біткенше жалғасын табады. 14.Жеңіске көп «сақа» не асық жиған ойыншы жеткен болып танылады.

Ойнай білген адамға асықтың пайдасы орасан зор. Асық ойыны адамды мергендікке, ептілікке баулиды. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді. Асық ойынына Бауыржан Момышұлы атамыз «Асық – үлкен халықтық тәрбие» деп баға беріп, жоғары билікке хат та жазған екен. Мен өз сыныптастарыма «сен асық ойнайсың ба?» деген сауал қойып көріп едім, олардың жауаптары төмендегідей болды. 25% - білеміз, 68 % - ойнап көрген жоқпыз және қалған 7 %- асық туралы ақпараттары жоқ екенін айтты Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйесін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлылыққа тәрбиелейді. Шетелден келген қымбат дәрі-дәрмекті сатып алғанша, балаға әр күні бір сағатты бөліп асық ойнатса, баланың жүйке жүйесі ауруынан айығатын болады. Бұл ойынды ойнаған бала топпен жұмыс істеуді үйренеді және де топтан озып шығу қабілетіне ие болады. Іске епті, жауапкершілігі мол жұмыскер шығады.. Асық ойнағанда адамның тек екі қолы емес, ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы, барлық бұлшық еттері қимылдайды. Онда йога мен биде қолданылатын позициялар қолданылады. Фитнес орталықтарына ақша төлеп барғанша, тегін аулада асық ойнаған пайдалырақ. Күнде компьютер алдында отырып, буыны былжырап, толудың аз-ақ алдында тұрған адамдарға бір мезгіл асық ойнатса, құ¬рыш¬тай шынығар еді денелері. Сондай-ақ, баланы бәсекелестікке же¬телеп, та¬лап¬тылыққа тәрбиелейді. Қайт¬кен күн¬де де «ағаларымдай шебер ойнап, ұтам бәрін», – деп талпынады. Асық түрлерінің аталуы мен оны иҚасқыр асығы басқа малмен жоғарыда аталғандарға қарағанда екеу емес, төртеу болады. Артық екі аяғында екеуден, тек тәйке жағының бір жамбасы кем болады, бір қызығы ұялас үй иттерінде төртеу емес екі асық болады

Асық иірудің өз атаулары бар.

Асықты шиырып-шиырып иірсеңіз, ол сегіз түрлі жағдайда болады: алшы, тәйке, бүге, шіге, қыңжы, тоққа, омпы, шомпы болып жерде жатады, әрине көбінде бүгесі мен шігесі көп болады. Асықты жерге иірген кезде төрт түрлі қалыпта түседі: алшы – асықтың тік тұрғандағы алшыға қарама-қарсы томпақтау жағы, бүк – асықтың шалқасынан жатқан томпақ беті, шік – бүкке қарама-қарсы асықтың етпетінен жатқан ойық жағы. Асық ойынының түрлері.

Асық ойынының түрлері: үш табан, алты атар, шық етер, хан, арқаласпақ, сақа атар, сасыр, құжтәйке, асық иіру, жаппай, шеңбер, омпа, қора, бес қақпай, алшы атар, құмар деп аталады. Алты атарды алты адам ойнайды. Ол үшін асық ойнайтын алаңды алдымен сызып алады. Алаңның мөлшері алты табаннан 12 табан болып, алаң ортасында кенейлер тігіледі. Әр ойыншы біреуден тігеді. Шық етерде көп бала ойнаса, өте қызықты болады. Түзу сызыққа қатар тігілген кенейлерді алыстан (бес-алты адам) кезектесіп атады. «Хан» ойынын қыз-бозбалалар кешке қарай үйде отырып, киіздің үстінде ойнайды. Оған 21 асық керек. Ішінде ең жеңіл асығы киік асығы кигат болса, «хан» болады. Егер, «хан» омпа немесе томпа тұрса, ойынға қатысушылар барлық асықты талапайлап алады. Егер қыңжы болса «ханды» асық ортасына иіреді. Ойын үстінде асықтарды жүптегенде«хан» қалай жатса, солай жатқан асықтарды сұқ саусақпен шертіп отырып тисе ғана алады, бірнеше асық тиіп кетсе, ереже бұзылады. Арқаласпақты екі бала ойнайды. Олар иіру арқылы кезек алысып, бірінің сақасын бірі атады. Егер сақа тисе әлгі баланы сол араға дейін арқалап апару керек. Бұл ойын көбінесе бір ауылдан екінші ауылға барғанда жолда ермек үшін ойналады.

Жалғасы газеттің келесі санында.

ТІЛІМІЗДІ ҚАЙТЫП ТІРІЛТЕМІЗ

Жақсыбай САМРАТ, жазушы, журналист.

Біз қазақтар, еліміз тәуелсіздігін алып, өз туымызды тіккен уақытта неге өзіміздің ана тіліміздің айрылып бара жатырмыз. Осы сұраққа жауап іздегендер көп, бірақ нақты себеп табылмай тұр.

Орыстар арамызда көп болды, мектеп орысша болды, барлық ақпарат орысша түсіп жатыр, аула-көше – бәрі орысша, ТВ мен интернеттен барлық өтімді қызықты-қылықты хабар-ошардың, кино-өнердің – бәрі орысша болды деген сияқты сылтауларымыз көп. Бірақ біздің арамызда жүрген, дәл біздікіндей тағдырды бастан кешіп отырған әзірбайжан, армян, грузин, шешен, ингуш, өзбек, түрік, тәжік сияқты халықтардың өкілдері неге ана тілін жоғалтпайды, неге бір-бірімен таза өз тілдерінде ғана сөйлеседі деген сұраққа ешкім жауап бере алмайды. Рас, бізбен бірдей сор кешіп отырғандар татар, башқұрт, беларус халықтарының өкілдері. Бұлардың тілдері де біз секілді жылдан жылға жұтылып барады. Ал Сібір халықтарының көбі ана тілінен ғана емес аты-жөнінен де айрылып, Иванов, Петров, Сидоров болып жұтылып кеткен.

Біздің сорымыз сонда, біз орысты өзімізден артық санадық. Психологиялық тұрғыдан өзімізді өзіміз әлсіретіп, баса бердік. Әрине, оған ұлыорыстық шовинистік саясат та өзінің үлесін қосып бақты. Соның кесірінен біз өзіміздің тіліміздің өзіміз қорландық. Орыстың қатаң тілін айта алмағанымызды сорымыз деп қабылдадық. Здравствуйте дегенді – «здрәсти», добро пожаловать дегенді – «дәбрө пөжәлобат», «двадцатьты – батсат» деп қана айта алатымызға қорындық, қиналдық, ал орыстар ондайымызды кемсітіп, надандықпен күлді. Тіліміздің табиғаты жұмсақ болғандықтан осылай сөйлейміз деп емес, мұны біздің бір кемістігіміздей көрдік. Орыстың күлгеніне одан сайын қорланып, өзімізді өзіміз жасыта бердік, бара-бара ұлттық нигилизмге ұрындық. Шын мәнінде мұнда тұрған ештеңе жоқ еді, барлық халық басқа тілді өзіне бұрып сөйлейтін.

Жалпы, орыстың тілі әлемдегі ауыр тілдердің бірі саналады. Оның «арр», «ырр» деп итше ырылдап тұрған қасаң да қатал тілін көп халықтар әлі күнге нақты сала алмай, акцентпен сөйлейді. Орыстар өздерінен тұрмыстық деңгейі артық халықтардың акцентін түсіне қабылдап, оларға күлмеді. Ал біздің акцентімізді мазақ қылды. Бұдан өсіп келе жатқан жастарымыз тіпті ұялап, өзін қор санайтын. Осы тірлікпен арада 50-60 жыл өткенде біз орыс тілін еркін меңгеріп алдық. Ұмтылған адамның алмай қоятын қамалы жоқ емес пе, ақырында орысшаңды орыстардың өзінен артық сөйлей бастадық.

Сөйтіп, бір кездегі өте ауыр, қиын, жат тіл – бізге барынша оңай болып кетті. Керісінше өзіміздің ана тіліміздің сөйлеу мәнерінен, әдемі әуезінен айрылып қалдық. Дүние есігін енді ғана ашқан сәбиден, еңкейген кәріге дейін үнемі орыс тілін естіп, орысша ойларды қабылдайтын болдық. Орыс тілі біз үшін оп-оңай тілге айналып кетті. «Даже», «савсем», «пачти», «падажди» деген сияқты жүздеген сөздер ең таза сөйлейді деген адамдарымыз да қолданатын күнделікті сөзге айналды. Осының өзі қасірет еді. Сөйтіп, орыс тілі қанымызға да, жанымызға да кірігіп кетті. Соның кесірінен бірдеңе айтсақ оңай тіл оңтайымызға орала кетеді. Сол тілде айтсақ әрі тез, әрі ұғымды көрініп кетті.

Ұзақ жылдар бойы бізге ешкім де, ешқашан да, ешқайда да орыстың тілі бізге жат, оны қолданбаңдар деп айтпады. Тек кейбір ерен текті адамдар ғана бала-шағасын тиятын. Қалған жұрттың бәрі баласының орысша сөйлегеніне мәз болды, оны қызықтап өзі де сөйлеп кетті... Ал қазір ана тілінде сөйлеңдер деген ата-ананың да, ұстаздың да сөзі жас адамның ұғымына жетпей қалды.

Бүгінгі таңда біз өзіміздің тілімізді көтеру үшін өтімді жарнама, «Алға, Қазақстан» сияқты брендтік сөздерді көбейту керек. Басқа ұлттың қазақша сөйлегендерін көтере беру керек. Ал, ең бастысы қазақтың өз арасында орысты «ұлы халық» деп беріш болып қалған жасанды қалыпты бұзатын психологиялық төңкеріс керек. Бұл арада, әрине, орысты қорлап, ар-намысына тимеу керек, бірақ оның қандай халық екенін мысалдармен көрсете берген жөн. Әсіресе, соңғы қылығының өзі жетіп жатыр емес пе? Өз жолымен, өз күнін көріп жатқан елге өктемзорлықпен «сен біздің жолмен жүрмедің, бізден артық өмір сүргің келді, еуропаға неге бұрыласың» деп басып-жаншып кіріп, қан-жоса қылып қырып, XXI ғасырда ортағасырлық ойранды салып отыр. Және мұны орыстың билігі ғана емес, «хохолдарды қыру керек» деп екіленіп, екі көзі қанталап, жыртқыш тағыға айналып кеткен 70 пайыздай халқы қостап отыр. Масқарасы да сонда. Әрине, жақсы адамдары жоқ емес, бірақ осыдан-ақ орыстың негізгі халқынан үнемі қатер күту керектігін ескеру керек. Ұлдарымыз бен қыздарымызға орыстан аулақ болуды, олармен тым жақындаспауды айғайламай-шуламай, дабырламай ерте күннен үйрете беру керек. Дана бабаларымыздың «орыстан жолдасың болса – қалтаңда қаруың болсын» дегенін жеңіл айтпай, түбіне дейін түсіндіріп, ұқтыру керек.

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ



Соңғы жылдары алаяқтар азаматтарды алдау үшін жаңа технологияларды белсенді қолданады. Дипфейк – бұл кибершабуылдар мен азаматтардың құпия деректерін ұрлаудың тамаша құралы, ол жоқ адамдарды «тірілтуге», кез келген дауысты, мимиканы бұрмалауға, сөйлеуге адам ешқашан айтпаған сөздерді қосуға мүмкіндік береді.

Жоғары технологиялық алаяқтықтың осы түрін Fingramota.kz-пен бірге қарастырайық.

Дипфейк технологиясы ең қуатты нейрондық желілерге негізделген, олардың көмегімен кез келген фото- және бейнекескіндерді жасай аласыз, дауыстың тоналдылығы, адамның бет әлпеті сияқты биометриялық деректерді басқаруға болады. Дипфейк арқылы ешқашан болмаған оқиғаларды жасауға, адамға жас қосып, егде адам қылып көрсетуге немесе керісінше, бірнеше ондаған жылдарға бейнесін жасартуға, қайтыс болған актермен фильм түсіруге, фотосуретті жандандыруға болады. Мұны продюсерлер, режиссерлер, маркетологтар, жарнама берушілер және... алаяқтар белсенді түрде пайдаланады.

Ресми түрде «Дипфейк» технологиясы 2014 жылы пайда болды деп саналады. Бұл технологияның негізгі алгоритмін Стэнфорд университетінің студенті Ян Гудфеллоу әзірледі, ол қазірдің өзінде жасанды нейрондық желілер мен терең оқыту саласындағы жұмыстарымен танымал американдық ғалым. «Дипфейк» деген термин «deep learning» деген сөздерден шығады, яғни «терең зерделеу» және «fake» - «жалған».

Дипфейк қалай жұмыс істейді

«Дипфейк» деген ұғым – бұл адамның бет-әлпетін немесе дауысын синтездеуге арналған бірқатар алгоритмдердің нәтижесі. Бұл мәселені шешу үшін қолданылатын негізгі алгоритмдер генеративті-қарсылас желілерге негізделген. Осы инновациялық технология арқылы бар адамды, мимиканы және дауысты көшіруге болады. Бұл технология теледидар мен әлеуметтік желілерде адамның жасанды digital-көшірмесі тележүргізуші мен блогер бола алатын кезде қолданылады.

Дипфейктер (generative adversarial network немесе GAN) деп аталатын терең оқытудың озық әдісі арқылы бар кескіндерді, аудио және бейнелерді бастапқы медиафайлдарға қабаттастыру арқылы жасалады. Басқаша айтқанда, GAN – бұл жасанды интеллект саласындағы инновациялық әдістеме, оның нәтижесі **түпнұсқа бейнелерден ерекшеленбейтін** жасанды кескіндердің синтезі болып табылады. GAN әдістемесінде бір мезгілде екі нейрондық желі қамтылған: **«генератор»** деп аталатын бір желі оларды имитациялайтын үлгі жасау үшін деректер жинағын пайдаланады. **«Дискриминатор»** деп аталатын тағы бір желі генератордың қаншалықты жетістікке жеткенін бағалайды. GAN әдістемесін жақсарту мен жетілдіру одан да шынайы дипфейктердің жасауға әкелді, оларды азаматтар іс жүзінде әшкерелей алмайды.

Генеративті-қарсылас желілердегі алаяқтық – бұл ақпараттық тұрғыдан үлкен қауіп. IT-технологиялар саласындағы әлемдік сарапшылар жақын арада дипфейк елдің қоғамдық-саяси өмірінде теріс із қалдыратын аса маңызды деңгейге жетуі мүмкін деп санайды.

Дипфейкті пайдалана отырып жасалатын алаяқтық тәсілдері

Зиянкестер жеке деректерді, digital-тұлғаны, мысалы жақын туысын, танысын, қоғамдық инфлюенсерді ұрлау үшін, қоғамда жалған ақпарат тарату, қаржылық бопсалау және автоматтандырылған кибершабуылдар жасау үшін дипфейктерді өздерінің жеке мүдделері үшін пайдаланады.

Қаскүнемдер дипфейктердің көмегімен:

- банктік шотқа қол жеткізу, оны қолма-қол ақшаға айналдырып, жалған кредиттер ресімдеу үшін басқа адамның жеке басын қолдан жасайды;

- ірі қаржылық транзакциялар мен күрделі кредиттік алаяқтық схемаларын іске асыру мақсатында өмірде жоқ жаңа «адамды» жасап шығарады.

Сонымен қатар, алаяқтар онлайн-сервистер мен есептік жазбаларға немесе банктік карталар, кредиттер және т.б. қол жеткізу үшін қайтыс болған адамның деректерін пайдаланулары мүмкін.

Дипфейкті қалай танып- білуге болады

Бірінші кезекте, адамның жасанды мимикасына және көзін біртүрлі жыпылықтатуына не керісінше оның мүлдем жоқтығына, қисынсыз сөйлемдер құрастыруына, аздап тұтығуына немесе робот іспеттес сөйлеуіне назар аударыңыз. **Сізге жасанды болып көрінгеннің барлығына күдікпен қарау қажет.**

Интернетте танымал тұлғаның аса көп күш салмай көп ақша табудың жолын айтатын роликтер көруге болады. Мәселен, алаяқтар өздерінің мақсаттарын жүзеге асыру үшін қарапайым азаматтардың сенімі мен назарын барынша тарта отырып, белгілі және беделді тұлғалардың digital-көшірмелерін пайдаланады. Қаскүнемдер түрлі инвестициялық онлайн-платформаларда ақша табу жолдарын ұсынады, оларға қатысу үшін жалған сайттарда өз деректеріңді қалдырып, ұйымдастырушыларға шамалы сома аударсаңыз болды деп сендіреді.

Сақ болыңыз, тек алаяқтар ғана үнемі ақша жайлы сөз етіп, сізден аванс, кіру жарнасы, қосымша қызметтер үшін төлем түрінде ақша тартпақшы болады. Бұдан былай олар ойларын тікелей емес, жасанды интеллект арқылы іске асыра алады.

Кейбір сервистер сапасы тым жоғары болмаса да бірнеше секундқа ғана созылатын бір бейненің немесе дауыс жазбасының көмегімен дипфейк-бейне немесе аудио жасаулары мүмкін.

Дипфейкке қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі қауіпсіздік қағидалары:

Сізбен байланысқа шынайы адамның шыққанын ажырату үшін оған бірнеше сұрақтар қойыңыз, оның мимикасына, көзіне және қастарына назар аударыңыз. Шын өмірде көлеңке түсетін жерлерге көңіл бөліңіз. Дипфейк табиғи жарықты көп жағдайда дәл көрсете алмайды;Егер қоңырау соғушылар сізге аты-жөніңізді айтып, сіздің тұрғылықты мекенжайыңызды білетін болса, бұл адамдар ресми тұлғалар дегенді білдірмейді. Барлық қажетті деректерді түрлі тәсілдермен алуға болады, қазіргі уақытта деректерді интернеттен алу ешбір қиындыққа соқпайды; Міндетті түрде қызметкердің аты-жөні мен лауазымын сұраңыз және оны қайта тексеру үшін олардың өкіліміз деген ұйымның байланыс орталығына қоңырау соғыңыз; Егер телефоныңызда жақын адамның нөмірі шықса, алайда оның дауысы ақырын шығып, қиын жағдайға тап болдым, одан шығу үшін ақша аудару қажет деп сұраса, әңгімені доғарып, оған өзіңіз қоңырау шалыңыз; Ешбір жағдайда және ешкімге дербес деректеріңізді, банк картаңыздың толық деректемелерін, соның ішінде картаның қолданыс мерзімін, CVC/CVV кодын, сондай-ақ код сөзін және картадағы ақша қаражатының қалдығын айтпаңыз;

Азаматтардың назарын соңғы уақытта бұл технологияның қарқынды дамып, күш алып келе жатқанына аударамыз. Кибералаяқтардың күн сайын ойлап шығаратын технологияларының көмегімен тіпті инновациялық және цифрлық технологияның дәуірімен бірге өскен заманауи ұрпақтың өзін алдау қиынға соқпайды.

Алаяқтықтың бұл түрі жөнінде туыстарыңызға және жақындарыңызға, әсіресе егде жастағы адамдарға айтыңыз.

КРЕДИТТЕН ЕРІКТІ БАС ТАРТУ:

Кредит алаяқтары әлеуметтік инженерия мен IT-технологиялар әдістерін пайдаланып банктер, микроқаржы ұйымдары клиенттерінің дербес деректерін қолға түсіруге тырысады.

Қазақстанда қаржылық қылмыстардың санын төмендету мақсатында одан қорғанудың арнайы тетігі әзірленді, оның шеңберінде әрбір азамат жаңа кредиттер алуға тыйым салуды дербес енгізе алады. Оны қалайша іске асыру жөнінде Fingramota.kz айтып береді.

Қарыздар беруге дербес тыйым салу **(«Стоп кредит» немесе «6 айға банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті бас тарту»)** – бұл адамның банктерден, микроқаржы ұйымдарынан (МҚҰ) жаңа кредиттер алудан ерікті бас тартуы. Мұндай тыйым салуды тек қарыз алушының өзі белгілей алады. Аталған опцияны пайдаланған кезде қарыз алушының кредиттік тарихында оның кредиттер алудан уақытша бас тартқаны жөнінде белгі пайда болады. Кредиттік ұйым кредиттік бюролардан деректерді сұрақтан кезде шектеу жөнінде осындай белгіні көреді және автоматты түрде клиентке қарыз бермеу туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте шектеу ломбардтарға, сондай-ақ өз клиенттерінің кредиттік тарихына баға бермейтін ұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз: егер кредиттер ресімдеуге дербес тыйым салу белгіленгеннен кейін адамның атына ол білмейтін қарыз ресімделсе, берешек автоматты түрде жойылады.

«Стоп кредит» қызметін қалай пайдалануға болады

«6 айға банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» кредиттік алаяқтардан қорғау болып табылады және оған egov.kz сайтында, e-GOV mobile қосымшасында қол жеткізуге болады. Бұл сервиске азаматтардың ұсыныстарына сәйкес өзгерістер енгізілетін болады.

Қызметті компьютер арқылы пайдалану үшін:

• логин мен құпиясөзді пайдалана отырып, ЭЦҚ-ның көмегімен egov.kz сайтына кіру;

• сайттың басты бетінде «Сервистер» - «6 ай мерзімге банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» - «Қызметтерге онлайн тапсырыс беру» бөлімін таңдау;

барлық міндетті жолдарды толтыру және ЭЦҚ арқылы өтінімге қол қою қажет.

Бұл қызметті телефоннан да қосуға болады:

• ЭЦҚ, қысқа код немесе Face ID/Touch ID арқылы e-GOV mobile қосымшасына кіріңіз;

• «Қызметтер» бөліміне өтіңіз, әрі қарай «Салықтар және қаржы» бөлімін таңдау керек;

• мәзірде «6 ай мерзімге банктік қарыздар, микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту» бөлімін таңдау қажет;

• ЭЦҚ-кілттің көмегімен қызметті ресімдеуге келісім беретініңізді растап қол қойыңыз.

Назар аударыңыз: «Банктік қарыз, микрокредит алудан 6 айға ерікті түрде бас тарту» қызметінен кез келген уақытта бас тарта аласыз. Өзіңіздің ЭЦҚ-кілтіңізді бөгде адамдарға бермеу маңызды!

Цифрлық гигиенаны сақтаңыз!

Fingramota.kz қауіпсіздіктің қарапайым шараларын ұстаныңыз, олар қаржылық алаяқтық тұзағына түспеуге көмектеседі:

• жасалатын операцияны (төлемдерді, аударымдарды және т.б.) растау үшін SMS-коды хабарламаңыз;

• интернет-банкингтегі жеке кабинетіңіздегі құпиясөзді хабараламаңыз;

• банктік картаңыздың артқы жағындағы CVV/CVC-кодтарды хабарламаңыз;

• бөгде мобильді қосымшалар, оның ішінде қондырғыларға қашықтан кіру қосымшаларын да орнатпаңыз;

• қаржылық аккаунттар үшін бірегей және күрделі құпиясөздер қолданыңыз;

• қосымша қорғау үшін екі факторлық бірдейлендіруді қосыңыз;

• электрондық поштадағы қосымшаларды, әсіресе бөгде жөнелтушілерден келетін қосымшаларды ашу кезінде сақ болыңыз;

• күдікті интернет-ресурстарға (сайттарға) кірмеңіз;

• банктік операцияларды қоғамдық WI-FI арқылы жүзеге асырмаңыз.

Егер сіз өзіңіздің дербес деректеріңіз не өзіңіздің деректеріңіз туралы ақпаратты абайсызда жария еткен болсаңыз, үшінші тұлғаларға мәлім болса, онда өз карталарыңызды бұғаттаңыз және банктік қосымшада жеке кабинетіңіздің, электрондық поштаның, әлеуметтік желілердегі аккаунттарыңыздың құпиясөздерін ауыстырыңыз. Сондай-ақ, егер алаяқтар сіздің шотыңыздан ақша алып үлгерсе, міндетті түрде өз банкіңізге, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгініңіз. Банк карточканы бұғаттайды және жаңасын қайта шығарады.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

КЕРЕМЕТ АДАМ

Бүгінде Тайынша ауданына ат басын тіреген журналистер Теңдік ауылына соқпай кетпейтін көрінеді. Олар мұнда есімі Қызылжар, Көкшетау өңіріне жақсы танымал еңбек ардагері Орынбай Шайханұлы Әлжановты іздеп келеді. Білетіндердің айтуларына қарағанда, ол – керемет адам!

Осыған дейін кереметтігін бүкіл ел таныған қолы алтын оташы, Қазақстанның Еңбек Ері Юрий Пя, қазақ философиялық ілімінің көшбасшысы Жабайхан Әбділдин, кеше ғана арамыздан кеткен белгілі жазушы Герольд Бельгер, ұлтым дегенде бәрін ұмытатын сенатор Қуаныш Айтаханов, атақты жиһангез Сапар Ысқақов, дәл қазір бәрін тізіп шығу мүмкін емес сияқты тұлғалармен кездесіп, оларды даңққа бөлеген, басқалардың бойынан табыла бермейтін қасиеттері жайлы қалам тербеген мені осы заманда ауылда керемет адам тұрып жатыр деген сөздің ойға жетелегені рас. Аса бір сүйсінгенде айтылатын ауқымы өте терең жалғыз ауыз сөздің астарында талай сыр жатарын білемін. Керемет адам деп кімді айтамыз? Айталық, Юрий Владимирович Пя кім? Оның еліміздің кардиохирургия саласын дамытуға сіңірген басқа еңбегін былай қойғанда, чехиялық әріптесі Ян Пиркпен бірге созылмалы жүрек талмасына шалдыққан сырқатқа донор жүрегін трансплантациялап, осындай отаны Қазақстанда тұңғыш рет жүзеге асырғанының өзі неге тұрады?! Қазіргі уақытта Юрий Владимирович Ұлттық медициналық холдингтің құрамына кіретін кардиохирургиялық орталықты басқарады. Аталмыш орталық холдинг құрамындағы ең жас құрылым болғанымен, Орталық Азия аймағындағы қызметі әлемдік сапа стандартарына сай көшбастаушы ұйым болып табылады. Жабайхан ағамызға келсек, адамзат тарихындағы ұлы ой саңлақтары Гегель мен Канттың ілімдерімен сусындап, Қаныш Сәтбаев, Салық Зиманов, Шафиғ Шокин, Сақтаған Бәйішев сынды ғұламалардан дәріс алып, диалектикалық логика саласында қазақ ғылымының қазығын қаққан Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин – ой-таным, дүниеауи толғамдар мен ақыл-пайымдар әлеміндегі ірі тұлға, танымал ойшыл, ғибратты ұстаз. Жер шарындағы барлық 6 континентте, 100-ден астам елдерде болған, отбасымен бірге Гималай тауларына көтеріліп, Хан-тәңірі шыңына шыққан, біздің еліміздің тарихында тұңғыш рет 2007 жылы Оңтүстік полюсте (Антарктикада) болып, Қазақстан Республикасының Ұлттық туын орнатқан, Солтүстік полюсті (Арктика) бағындырған, жетпіс жасында сағатына 2500 шақырым жылдамдықпен зымырайтын "МИГ-29" әскери ұшағымен көкке көтерілген Сапар Ысқақовтың өмірі де мені қатты қызықтырған. Мен білетін керемет адамдар – осылар!!!

Ал енді мұндағылар Теңдікте керемет адам тұрады дейді... Жасы жетпістің үстіне еркін шыққан үй иесінің жүзі сынықтау көрінді. Оның себебін өзі түсіндірді. "Жас ұлғайған сайын ыңқыл-сыңқыл көбейеді екен, бір айдай аурухана да жатып оралған бетім", – деді ол. Сосын өзінің шаршай бастағанын, екі жылдан бері шаруашылыққа араласуды қойғанын, тізгінді балаларына бергенін айтты. Байқаймын, ішімдегіні тауып ал дейтін адам емес. Сәлден соң керемет адам деп сонша жерден іздеп келген кісімнің нағыз "қызыл директор" екенін білдім. 1976 жылы Көзашар, Еңбек, Бірлік, Күншығыс, Теңдік ауылдарының басы қосылып, мал бордақылаумен айналысатын кеңшар құрылады. Әңгіме шаруашылықты кім басқарады дегенге тірелгенде, сол кездегі Көкшетау облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Еркін Әуелбековтің таңдауы Орынбай Әлжановқа түседі. Еркін Нұржанұлы Зеренді ауданына қарасты "Тельман" кеңшарында бас агроном болып істеп жүрген Орекеңді шақыртып алып: "Естіген боларсыз, жаңа шаруашылық құрылып жатыр, соны басқаруға сізді лайық көріп отырмыз", – дейді салған жерден. Бұл Әлжанов үшін күтпеген ұсыныс еді. Хатшы қадалып отыр. Ойлануға уақыт жоқ, жауабын тез бер дейтін сияқты. Сәлден соң ол жаңа кеңшардың мал шаруашылығымен айналысатынын, ал өзінің мамандығы бойынша агроном екенін алға тартып, бірінші хатшының ұсынысынан үзілді-кесілді бас тартпаса да, бұл қалай болар екен деген сауалдың шетін шығарған. Айтқанын істете алмаса, Әуелбеков Әуелбеков бола ма: "Бәрін білемін, бөлімше басқардың, тәжірибең бар, агрономдығыңның ол жерде пайдасы тимесе, зияны болмайды. Малдан жоғары өнім алу үшін сапалы жемазық керек", – деп алды-артын орап, бұл шешілген мәселе дегенді сездірген. Шегінетін жер қалмаған сияқты. Осымен әңгіме бітті.

Бірінші хатшының Теңдікке мұны жіберуінде не мән бар? Кездейсоқтық па, әлде Еркін Нұржанұлы осы өңірдің мұның атақонысы екенін біліп, еліңді, жеріңді өзің көтер деп отыр ма? Не де болса, жай емес. Содан ол осы шаруашылықты табан аудармай жиырма екі жыл басқарды. Жиырма екі жыл! Айтуға ғана оңай. Өзіне көрсетілген сенім үдесінен көріну үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етті. Қалыптасқан ұжымды басқарудың өзі оңай емес. Ал бұл болса, бәрін өз қолымен атқарды, ыстығына күйді, суығына тоңды. Есепсіз төгілген маңдай тер құмға сіңген судай жоғалып кеткен жоқ, қайтарымы болды, бұл басқаратын шаруашылық ауданға, облысқа танылды. Басқа түлік өз алдына, қара мал санын 10 мыңға жеткізді. Шаруашылық құрамындағы ауылдар әлеуметтік жағынан да өсіп-өркендеді, көркейді, халықтың тұрмысы түзелді. Әңгіме осы араға келгенде іштей бір саусағымды бүге бастадым. Мұны да ерлік, керемет адамның ісі деуге келетін сияқты. Олай дейтінім, осыған дейін өздеріне көрсетілген сенімді ақтай алмай, экономикасы мықты озат шаруашылықтың өзін тоз-тоз қылғандардың талайын көрдік қой.

Осы арада Орекең тағы бір әңгіменің ұшығын шығарды. "Тоқсаныншы жылдардың басында одақ ыдырағаннан кейін дағдарыс белең алып, қатты қиналдық. Бірақ не де болса қолда барды сақтап қалуға тырыстық. Түбі не болатыны белгісіз. Жоғары жақтағылар бәрін жекешелендіру керек деп күмпілдесіп жатыр. Маңайдағылардың бәрі сол сөздерге ұйып, бөлектене бастады. Содан не керек, 1998 жылы ұжымды жинап, қолда бардан айрылып қалмай тұрғанда біз де бөлінейік, шағын шаруашылықтар құрайық, мұның өзі басқаруға да жеңіл дедім. Ақыры, солай істедік. Зордың күшімен шашыратпай ұстап отырған жерді, малды, басқа да дүниемүлікті халыққа бөліп бердік. Өзім Теңдікте қалдым...". Осы арада менің ойыма сонау 90-шы жылдары өзім араласқан бір іс оралды. Жекешелендіру, анығын айтқанда, шаруашылықтарды талапайға салу әлі бастала қоймаған кез болатын. Шалғайдағы ауылымның жайын ойлап, бір барғанда ендігі жерде жетпіс жыл бойы жиналған байлық қолды болмай тұрғанда, бөлініп шығып, жеке шаруашылық құрмасаңыздар ертең қапы қаласыздар дедім. Көпшілік қолдағанмен, кеңшар басшылары, аудан әкімі бар – бәрі жұртты қарсы үгіттеп, қолдағы мал, техника таусылғанша уыстарынан шығармады. Осылай сергелдеңмен жүргенде кеңес заманында жиған-тергеннің бәрі тістегенің аузында, ұстағанның қолында кетті. Сол-ақ екен, осыған дейін "суға кеткен тал қармайдының" керімен қолда барды айырбастап, сатып, тәлтіректеп күндерін көріп келген дөкейлер іздерін суытты. Ал мына кісі: "Қолда барды ренжітпей бәріне бөліп бердім", – дейді. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс қой. Сол өтпелі кезеңде қалыптасқан жағдайды бас пайдасына жаратып, қалтасын қампитып, тайып тұрғандар аз ба? Шыны сол – қазір ауылдан "қызыл директорды" күндіз қолыңызға шам алып іздесеңіз де таппайсыз. Ал бұл кісі болса, сол елдің ортасында әлі отыр. Соған қарағанда, оның қолы да, ары да таза деп тағы бір саусағымды бүктім. Ол әңгіме арасында қайырымдылық шараларынан да шет қалмайтынын айтқан. Оның шет жағын өзіміз де естіген едік. Кімге не бердіңіз, қанша бердіңіз деп қазбаламадық.

Таза дегеннен шығады, Орекеңнің дінге бет бұрғанына да едәуір уақыт болыпты. Алла Тағаланың қалауы солай болды ма екен, 1999 жылы ол ер түріктің бесігі – киелі Түркістанның мың бес жүз жылдығына арналған тойға шақырылады. Ислам дінінің тіршіліктің ажырамас бір бөлшегі екендігін терең ұғындым. Арыстан баб, алты ай берілмей, бір күнде опат болған Отырардың орнын, қазақтың отыз ханы жерленген киелі қорымдарды араладық. Олардың рухына тағзым етіп, Құран бағыштаттық. Сол сапардан үйге оралғанда көкірегімді бір сезім кернеп, көңілім алабұртып, беймаза күй кештім. Бұл күнде қайталана бермейтін өзгеше сезім еді. Жақсылыққа жетелеген сол көңілдің ауанымен дінге біржола бет бұрдым.

Бүгінгі таңда кешегі партия ұйымы хатшысының немесе мектеп директорының намазға жығылып жатқаны таңсық емес. Ондайлар "қызыл директорлардың" арасында да толып жатыр. Орынбай Шайханұлын әсте олардың қатарына қосуға болмайды. Бұл сөзімізге үй іргесіндегі мешіттің тарихы дәлел бола алады. Сол сапардан оралысымен ауылда мешіт салуды ойластыра бастайды. Ойланып қараса, оған қыруар материал керек екен. Оны қайдан аласың, бұрынғы кеңшар жоқ. Ақыры ол мешіт құрылысына біраз жылдардан бері үй саламын деп жинап жүрген материалдарын жұмсамаққа бекінеді. Орекеңде екі сөйлеу жоқ, айтты, бітті. Оның бұл ниетіне зайыбы Бақыт Сұлтанқызы да, балалары да қарсы болмапты. 2000 жылы басталған мешіт құрылысы бір жылда аяқталып, халыққа қызмет ете бастады. Алланың жердегі үйі иесіз болмасын, жабық тұрмасын деп Шымкенттен имам алдырды. Содан бері мешітте "Сауат ашу курсы" жұмыс істейді. Ауылдың жауқазындай жастары қолдары бос кезде соған қарай ағылады. Қайырлы істің қайырымын көрген жандардың қалың ортасында Орекеңнің өзінің де жүргенін айту ләзім. Түркістанға барған сапарында Арыстан баб кесенесінің ішінде ең алғаш рет сәждеге маңдайы тиген еді. Содан бері намазсыз таң атырмайтын болды. Өз қолымен салған мешітті екінші үйі қылып, сонда Құранды хатым етуді үйренді. Ислам дінінің тірегі саналатын бес парыздың қатарында дәулетті, қалтасы қалың мұсылмандарға орындауға міндеттелген қажылыққа баруды үш мәрте жүзеге асырғаны тағы бар.Әкенің жолын құған үлкен ұлы Шоқан да Меккеге барып, қажылық парызын өтеп келіпті. Әкеге тартып туған, ата жолын құған ұлдарының да бес уақыт намазы түгел. Бабалар салып кеткен дәстүрлі діниізден адаспай, алға адымдаудың бүгінгі жағдайда әбден керектігін айтады. Шаруаға жанымен берілген адамның табандылығымен, күн-түн демей, ерінбей еңбектенуімен өзі құрған шаруашылықтың бүгінде арнасы кеңіп, саны да, сапасы да артқан. Шындығына келгенде, ол құрған қожалық бүгінгі Теңдіктің берекесін келтіріп отыр. Қазір істің жайына аса алаңдамайды. Тәлім-тәрбиесін тал бойына сіңірген қос ұлы – Шоқаны мен Ақаны атқарады барлығын. Дегенмен, қолы шаруаға машықтанып қалған қарт балаларына дұрыс жол сілтеп, ақыл-кеңесін айтып отыруды жөн санайды. Өзінің көпжылдық тәжірибесін көкөрім ұлдарына аманаттауды ұмытқан емес.

Сүттей ұйыған бір отбасының ғана емес, бүкіл ауылдың ақылгөйіне айналған Орекең өмірлік серігімен бірге ұлы Шоқанның қолында тұрады. Өмірге өкпесі жоқ, жас кезінде жетімдіктің зардабын көп тартса да, бақытын еңбектен тауып, қатардан қалған жоқ, өзінен тараған алтын асықтай төрт ұлын ұяға, төрт қызын қияға қондырып, әкелік міндетін де абыроймен атқара білді, балаларына да риза.Жеке иеліктерінде он бір мың гектардай жер бар. Оның алты мыңға жуығына егін себеді, қалған бөлігін жайылым ретінде пайдалануда. Төрт жүз елудей жылқысы, үш отар қойы – берекенің де, табыстың да бастауы. Ауыл адамдарының дені Әлжановтардың шаруа қожалығында еңбек етеді. Жиырма бес биенің сүтінен бал татыған қымыз дайындап отырған шаруа қожалығы ауыл әйелдерін де жұмыспен қамтамасыз етуде.

Қазақтың қарашаңырағы – ауылдың іргесінің сөгілмеуі, босағасының берік болуы бірінші кезекте ондағы тұрғындардың жұмыспен қамтылуына байланысты болса, жасыл желектей өсіп келе жатқан балалардың білім алатын ұяларының болуы да өте маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай, Теңдікте алғашқы мәселе оңтайлы шешілген. Орта мектеп те бар. Бүгінде онда жүзден аса өрен білім алуда. Осы арада өзіміз куә болған бір жайды айта кетсек, артық болмас. Өздері тұрып жатқан тұста іргесі қаланып жатқан құрылысты көріп, мән-жайды сұрағанымызда: "Шоқан үй көтеріп жатыр", – деді. Әлжановтардың өздерінің болашағын ауылмен байланыстырып отырғанын осыдан-ақ аңғаруға болмай ма?!

– Ауыл тұрғындарының ахуалы орташа, одан жоғары десе болады. Барлығы дерлік мал ұстайды. Ауылда жүзден аса үй болса, оның жетпістен астамының өз көлігі бар. Машинасы бар адам жолаушыларды тасыса да ақша табады ғой. Оның үстіне, бұл ауылда "Алма піс, аузыма түс" дейтін жалқаулар жоқ. Ескіқұсқысын болса да, бір кәдеге асырып, тырбанып тіршілік етудің, балашаға жеткізудің қамын жасайды, – дейді ол.

Теңдікте тәртіп бұзу, ұрлық-қарлық деген жоқ. Ауыл тұрғындары бір жаққа кетсе, баяғы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманғыдай, есікке қос-қостан кілт салып әуре болмайды. Теңдіктіктердің үлгі етуге тұрарлық осындай жақсы қасиеттері мен дәстүрлерін сүйсіне баяндаған Орынбай Шайханұлы бұл ауылда арақ-шараптың сатылмайтынын, елді мекен тұрғындарының адамзатты ақ жолдан тайдырып, берекесін теріс айналдыратын "жынды суға" түбегейлі қарсы екендігін жеткізді. Өзгеге тәлім көрсетуді алдымен өзінен бастағанды жөн көрген ауыл ағасы екі ұлының үйлену тойларын да арақ-шарапсыз өткізіпті. Қазір бұл дәстүр берік қалыптасқан деуге болады. Мұнда "ащы суға" төзгісіз жағдай жасалғаны соншалық, ондай адамдар табылып жатса, өздері де тұрақтай алмайтын көрінеді.Көпті көріп, көп жасаған ақсақалды алаңдататын мәселелер де аз емес. Әңгіме барысында Орекең, әсіресе, жаһанданудың аранында жұтылып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызға алаңдаушылық білдірген. Жасалып отырған мүмкіндіктерді орнымен пайдаланбай,ұлттық болмыстан адасып жатқан жастар тәрбиесіне көп көңіл бөлу керектігін, олардың бойларына ар-намыс, өз ұлтына деген сүйіспеншілік және адалдық сезімдерін берік орнатпасақ, ұшпаққа шықпайтынымызды айтқан.

"Жақсымен өткізген жарты сағат жаманның өтіп кеткен ғұмырына тең" деген емес пе, үлкен өмір жолынан өткен, адал еңбегімен абырой биігіне көтерілген азаматтың әр сөзінен даралықтың, даналықтың лебі еседі. Жұрт айтса, айтқандай, Орынбай Әлжанов шын мәнінде заманымыздың қаһарманы деуге тұрарлық керемет адам екен!

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, СҚО – ның Құрметті азаматы, журналист.
2015 жыл 25 маусым.

ЕЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ – «ЕЛІМ» ДЕГЕН АЗАМАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Суретте: Орынбай қажы Әлжан тегі- ауылшаруашылығы саласының ардагері,ауданның Құрметті азаматы және 2018-2020 жылдардағы аудан әкімі И. И. Турков.

Теңдік ауылы Тайынша ауданының орталығынан 25 шақырым қашықтықта орналасқан. Ауылдық округтің орталығы. Мемлекеттік тілде білім-тәрбие беретін орта мектебі бар. Теңдік ауылы қоныс тепкен жерді жергілікті көнекөз қариялар Қаратомар деп атаған. Ауыл-селоны жаңғырту мәселесі тек өндірістік-экономикалық қана емес, әлеуметтік-саяси мәні зор мәселе, оны шешуді барлық ауылдық әкімдіктер мен серіктестіктердің, шаруа қожалықтары басшыларының, ең негізгісі – «Елім» деген ел азаматтарының бірлесіп көтерер жүгі деп білеміз. Ауылы үшін маңдай терін төгіп, елінің күннен-күнге көркейіп, алға басуына айрықша мән беріп отырған азаматтарымыз, құдайға шүкір, баршылық. Солардың қатарында – «Менмендікті жеңген – инабатты, ашуын жеңген – ақжарқын, құлқынын жеңген – бақытты болады»,- деген анасының даналық сөзінен сусындап өскен, қадірлі азамат ретінде қалыптасқан, абзал жан, үлкен әулеттің тірегі, отбасында ардақты әке, ақылшы ата – Орынбай Шайханұлы Әлжанов болғаны – шындық! Ал бүгінгі таңда абыз ата ортамызда жоқ, сол бір бақытты күндер, талай жүрген жолдар, айнымас дос, атқарған қызмет, барлық ой-армандар мен еңбек жолында шыққан талай биік белестері, отбасылық қызық- қуанышты сәттер бәрі-бәрі артта қалды. Мұның бар сыры мен шындығы - осыдан 40 күн бұрын осынау сыйлы азамат өмірден өтті. Өзі өмірден өтсе де артында оның сабырлы мінезі, қонақжайлылығы, адамгершілігі мен қайырымдылығы көптеген адамдардың мәңгілікке есінде қалды. Өзі өмірден өтсе де, өшпес сөздері, бата-тілектері, ең бастысы артында ізі, өмірін жалғастырар ұрпағы қалды. Бүгінде Беркінбай, Ақылбай, Шоқан мен Ақан әке жолын құған нағыз ауыл шаруашылық мамандары. Ал, немерелері болса аталарының кезіндегі көз қуанышы, болашақтағы ата үмітін ақтар басқан ізі.

– «Немерелерім жұрттың ала жібін аттамайтын, елдің игілігі үшін еңбек ететін азаматтар болып өссе екен деп тілеймін», - дейді әулеттің отанасы, ақылшы әже-Бақыт Сұлтанқызы.

Орынбай Шайханұлы 2004 жылы Мекке-Мәдинаға алғаш барып, одан кейін де үш рет барып қайтты. Ауылында имандылықты, салауатты өмір салтын насихаттаудан бір жалыққан емес. Осының дәлелі болса керек, ауыл дүкенінде ащы су сатылмайды. Қажы ағамыздың ой-өрісінің кеңдігі, көрегендігі мен көп оқығандығынан болар, үйде кітаптардың ұзын саны бес жарым мыңдай болған. Бір жарым мың әдеби кітапты ауылдың мектебіне сыйға тартты. Серіктестік кеңсесінде де әр түрлі кітаптар бар.

Ауылының шаруашылығын өрге өрлетіп, тұрғындардың көңілін тауып отырған азамат, ауылдың сыйлы ақсақалы – Орынбай Әлжанов болды..... Өзінің ақыл-ой парасатының молдығы, кез-келген адаммен тіл табыса алатындығы, мүлт жібермес әділдігі, сөзге тұрақтылығы, уәдеге берік, таймас табандылығы, шаруашылық жөнінен жетік білетіндігінің арқасында ел құрметіне бөленіп отырды. Елінің көркеюі – ел тілегін ақтаған азаматына байланысты болса керек. Жас кезінде, мүмкін, елінің дуалы ауыз ақсақалдарынан: «Халқыңа жасаған жақсылығың алдыңнан шықсын», - деп бата алып, сол баталар қабыл болып жауып тұрған болар.... Асқар тау Әкені, ақылшы Атаны ендігі кезеңде ұрпағы сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жаның Жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейді,Құран бағыштайды.

Түйін. Тұяқсызды тұлпар қып, қанатсызды сұңқар ғып, ұяты барды ұлтан ғып, елінің қамқоршысы болып, ортамызда жүрген ардақтыларымызды құрметтеу арқылы тәуелсіз еліміздің ертеңін жарқын етуге, дүйім еліміздің рухын бекемдеуге ұмтылыс үстінде Шайханұлы Орынбай қажы атамыз тектес ел азаматтарына қарап ой түзеуге, болмыс-бітіміміз бен мінез-пиғылымызды сапалық деңгейге көтеруге болады десек, ол – шындық. Бұл - «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді»,- деген сыңаржақ эгоистік пиғылдан да биік тұрған текті түсінік, ұлықты ұғым. Осы ағаларымызға еліктеп, тура сондай болмасақ та, ұқсап бағайық, ағайын! Әке, ата асқар тауың орманың, әке деген жұбанышың қорғаның, О, адамдар бар кезінде әкені, Қадірлейік, өкініп бір күн қалмайық!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

«Ағамыз Орынбай Шаймұхамбетұлы Әлжан Тайынша ауданы Теңдік елінде өмір кешіп, қажылыққа үш рет барған, соңғы сапарында Ирусалимдегі «Әл-Ақса» мешітінде болып, Сүлеймен Пайғамбар мешітінің қарсы алдындағы аспалы тастың астында намаз оқыған. Ағамыздың елге деген еңбегін екі ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес» , - деп ақын ағамыз Тыныштық Шаменов мына өлең жолдарын кезінде, көзі тірісінде жазып кеткен еді...Бүгінгі күні оқырмандар назарына осы өлең жолдарын Қажы атамызды еске алу мақсатында жариялап отырмыз:

Бұл өмір десек тағы тегі жалған, Адамда таусылмайды, бітпейді арман.

Жасыңнан оқу оқып, білім алып,Өмірің елің үшін бағытталған.

Ойланып жеке шаруашылық құрған едің,Кеш жатып, ерте азаннан тұрған едің.

Ел үшін мал өсіріп, егін салып, Халықты дін жолына бұрған едің.

Зәулім, әсем мешіт салдың халыққа, Көз жеткізіп, Алла барын анықка.

Қаншама жас араб тілін үйренді, Жақсылықты жасаудан еш жалықпа.

Деген жансың «арманыңа жетемін»,Алла дейсің діннің ұстап бекемін.

Үріш атты анаң үшін Сыздықпен,Бәділ қажылық парыздарын өтедің.

Ырыздығын еңбегің мен жерден ед, Бар тілегің Алла менен елден ед.

Еңбегіңді бағалады ұлы елің, Орден, медаль, сыйлықтарын берген ед.

Ел сенімін ісің дәлел ақтадың, Адалдықты, ақиқатты жақтадың.

Халқың риза, сауаптан тек жазса екен, Ыдыратпай елді аман сақтадың.

Айырмасын Алла осы бетіңнен, Талай жандар көмегіңнен жетілген.

Кембағал мен кемтарларға қарасып, Рақметін алдың қанша жетімнен.

Тыныштық ШАМЕНОВ, ақын,мәдениет қайраткері.
2013 жыл, 11 қаңтар.

«ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ» ОРЫНБАЙ ШАЙХАНҰЛЫ ӨМІРДЕН ОЗДЫ...

Тайынша ауданының халқы ардақты азаматымен қоштасты. Екі мәрте «Еңбек қызыл Ту» ордені «Құрмет» ордені, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Тайынша ауданының Құрметті азаматы», өнегелі өмір иесі, абыз қария - Әлжан Орынбай Шайханұлы бақилық сапарға аттанды.

Орынбай Шайханұлы 1938 жылы дүниеге келді. 1956 жылы орта мектепті аяқтағаннан кейін, еңбек жолын Ортақ ауылында бастаған.Целиноград ауылшаруашылығы институтының түлегі бар саналы ғұмырын ауылшаруашылығы саласына арнады. 1965 жылы бөлімше агрономы, 1968 жылы бөлімше меңгерушісі, 1973 жылдан «Тернов» кеңшарының бас агрономы, 1976 жылдың мамыр айынан Красноармеец аудандық мал бордақылау шаруашылығының директоры болып тағайындалды. 1998 жылы «Қаратомар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрды. Еңбек жолында мемлекет тарапынан талай марапаттарға ие болған еңбек ардагері жастар тәрбиесіне де асқан жауапкершілікпен қарады. Әсіресе, ауылдағы жас жеткіншектерге үнемі ақылын айтып,олардың діни сауаттылықтарын арттыруға да зор үлес қосты. Өзі өмірінің соңғы күніне дейін өмір сүрген Теңдік ауылында зәулім мешіт тұрғызды.

Тағылымды тағдыр иесі ауылдағы ардагерлер кеңесінің төңірегінде бекем бірлік пен тату тірлікті қамтамасыз етті, аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, жастарға дұрыс тәлім-тәрбие мен бағыт-бағдар беру бағытындағы жұмыстардың барлығының басы-қасынан табылып, жергілікті атқарушы билікке де көп қолдау көрсетті. Өмірлік мол тәжірибесі, ағалық ақыл-кеңесі жергілікті әкімдіктердің жұмысының алға жылжуына тікелей әсер етті десек, ол – шындық. Құрметті қария өзінің ақыл-парасатымен, білімімен, қайраткерлік қарым-қабілетімен абырой биігіне көтерілді. Жұртшылыққа ақ батасын арнап, қадірлі қария, ақылшы аға атанды.

Сөз бастаса шешен, іс бастаса көсем, өмір жолы өнегеге толы тұлға ел Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Тайынша ауданы өңірінің, оның ішінде Теңдік ауылының өсіп-өркендеуіне айрықша үлес қосты. Ғұмыры ғибаратқа толы Орынбай Шайханұлының жүріп өткен жолы, атқарған қызметтері, қажырлы еңбектері, өмірлік ұстанымдары, тіпті сөз саптауына дейін тұнып тұрған ғанибет, шежіре еді. Есімі Тайынша жұртшылығына белгілі ақсақал қайраткер-тұлға, ел ағасы, абыз ақсақал атанды.

Артына өшпес із қалдырған Әлжан Орынбай Шайханұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Отбасы, ағайын-туыстарының, ұрпақтарының орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Орынбай Шайханұлының асыл бейнесі, елі үшін атқарған еңбегі мәңгілікке есімізде қалады.

Аудан әкімі Б.А.Әлжанов, аудан әкімінің орынбасарлары Е.Е.Дюсембин, Г.Қ.Бәтенова, А.Сабуров, аудан әкімі аппаратының басшысы Б.Б.Абулғазинова, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы С.М.Бекшенов, Тайынша қаласының әкімі В.А.Шпаковский, Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы Зиятбек Ахметұлы, аудандық білім бөлімі басшысының м.а. Г.Карменова, «AMANAT» партиясы Тайынша аудандық филиалының төрағасы М.Ж.Хамзин, «Тайынша таңы» газетінің тілшісі Сәлік Жұматтегі, «Тайынша таңы» газетінің Бас редакторы Г.Ж.Нұралина.

ТАЙЫНША ЖӘРМЕҢКЕСІ

Тайынша ауданы біздің облыстың қарқынды дамып келе жатқан аудандарының бірі.Өзінің тарихы, табиғаты,халқымен бай өңір десек, қателеспейміз. Әр ауылдың, әрбір отбасының өзіндік тарихы бар. Әр елдің, жердің, өзен-сулардың халық қалап қойған атауы болады. Солардың бірі – біздің ауданымыздың атауы Тайынша. «Бұл қашан, қайдан, қалай пайда болған атау»,- деген сұрақтар тағы бар. Осы өңірде Тайынша жәрмеңкесінің ашылғанына 2022 жылы -159 жыл болады. Олай болса, туған өлке тарихына кішігірім саяхат жасап, туған өлке тархынан өзімнің білуім бойынша бір үзік сыр шертуді жөн көрдім.

Балуан Шолақ: *«Бұл күнде қырық тоғызда менің жасым,Қамалдың бұзып жүрмін тау мен тасын. Кешегі сентябрьдің базарында,Көтердім 51 пұт гірдің тасын»...деген өлең жолдары тарих бетінде бар дүние екенін білеміз.....*

«Біздің аудан орталығынан солтүстік шығысқа қарай 60 шақырымдай жерде, қазіргі Киров селосының жанында шағын көл бар, ол көл Тайынша (яғни, ірі қараның төлі - тана) деп аталады. Ал, жергілікті шаруашылықтың №4 бөлімшесі орналасқан жерде екінші шағын көл – Сеңдікөл бар. Екі көлдің арасы 4-5 шақырым. XIX ғасырдың орта шенінде 1863 жылдары Қызылжардың Ганьшин атты I гильдиялы купецінің таңдауы дәл осы екі көлдің аралығында тоқтап, жәрмеңке (ярмарка) ашылған. Жәрмеңке жылына 2 рет 25 сәуірден 25 мамырға дейін (көктемгі) және 1 қыркүйектен 1 қазанға дейін (күзгі) өткізіліп тұрған. Жәрмеңкенің өткізілетін мерзімі халықтың қажеттіліктері мен тұтыну мөлшеріне байланысты болған. Көршілес Ресейдің – Нижний Новгород, Самара, Ірбіт жәрмеңкелерінен келетін саудагерлер қазақ даласына қажетті өндіріс тауарларын жергілікті халықтың мал шаруашылығы өнімдеріне, малдарына айырбастаған. Кейде жергілікті халық тауарды бір базардан екіншісіне дейін қарызға да алады екен. Ең қызығы, осынау алыс-берістің көбі саудагер мен алушының арасында ешбір құжатсыз, сөз жүзінде жүзеге асырылған. Қол алысып, орысша айтқанда «слово купца» - сөз беру белгілі бір шартты мерзімде орындалып отырған. Әрине, ата-бабаларымыз сөздің қадір-қасиетін білген ғой. Ұйымдастырылған жәрмеңкеге жиналған жұртшылық сауда-саттықпен шектеліп қана қоймай, ең үлкендері мен билер алқасы ел мен жер дауын, барымта, ұрлық-қорлыққа қатысты мәселелерді шешетін болған, балуандар күресі, айтыстар ұйымдастырылып, ақындар мен әнші-күйшілер өнер көрсеткен. Тайынша базары бірте-бірте асқан дарын иелері жиналатын өнер ордасына айналады. Мәселен, Орынбай, Шөже, Арыстанбай, Біржан сал, Ақан сері, Тезекбай сынды қазақтың жүйрік әлі майталман ақын-жыршылары өз өнерлеріне дүйім жұртшылықты тәнті еткен. «Сентябрь базарының» бір тұсында ақындар айтысып жатса, енді бірінде әсем ән мен қоңыр күй әуендері адамның жан-дүниесін тебірентіп, өзіне баурап жатады. Балуан Шолақ сол заманның ірі балуаны ғана емес, сонымен қатар цирк өнерінен де хабары болған. Мысалы, шауып келе жатқан жүйрік аттың біресе оң жағына, біресе сол жағына түсіп мінсе, кейде аттың үстінде тік тұрып та шабатын. Тұла бойындағы күш-қуатын басқа да амал-тәсілдерімен көрсете білген.Осынау танымал жәрмеңкенің дәл біздің өңірімізде орналастырылуының өзінде бір мән бар шығар?! Әрине, туған өлкеміздің суы таза, оты шүйгін, табиғаты жан-жануарға жайлы. Оған қоса, көршілес Ресеймен шекаралас. Кезінде қызылжарлық Ганьшин мырзаның жәрмеңкеге арнап дәл осы өңірді таңдауында да осынау қолайлы жағдайлар ескерілген болуы керек. 1927 жылдары Кеңес үкіметі тұсында Тайынша жәрмеңкесі жабылып қалды. Соңғы рет жиналған базарды жергілікті белсенділер мен ОГПУ-дің өкілдері күшпен таратып жіберді. Себебі, 1928 жылы баршаны конфискация науқаны күтіп тұрды, байлардың мал-мүліктері тәркіленіп, Ф.И.Голощекин бастаған Қазақстан өлкелік партия комитетінің жер аудару туралы жасырын қаулысы шыққан болатын. РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1920 жылғы 5 тамыздағы Қаулысымен 1921-1922 жылдары Петропавл-Көкшетау теміржолы салынды. Құрылыс жұмыстарына солтүстікқазақстандық азаматтармен қатар, орталық Ресейден, Оралдан, Сібірден келген құрылысшылар да жұмылдырылды. Ұзындығы 133 шақырым теміржолды 1922 жылы маусым айының бас кезінде бітірді. Ал, біздің стансаға Тайынша жәрмеңкесінің атауы берілді»

Бүгінде қаланың, ауданымыздың «Тайынша» аталуы осыдан өз бастауын алады. Еліміздің әлеуеттік-экономикалық дамуында зор үлес қосып келе жатқан Тайынша ауданының болашағы зор деген үміттемін. Тайыншаның топырағы киелі,тынысы кең,жомарт жандардың, білімділер мен өнерлі азаматтардың, көп ұлттың бас қосқан құтты мекені.

Орынбай қажы ӘЛЖАН,
Тайынша ауданының Құрметті азаматы.
2022 жыл 2 мамыр.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Ардақты әкеміз, ақылшы атамыз – Орынбай Шайханұлы осыдан 40 күн бұрын өмірден озды. Әкемізбен, атамызбен өткен балалық шақ, бірге жүрген күндер, ойнап- күлген отбасылық талай қызық-қуаныштарымыз, өкінішпен артта қалды. Әкеміздің қоңыр үні, сабырлы мінезі, ақыл-кеңестері, жарқын бейнесі әрқашан жаңғырып санамызға нұр себері сөзсіз.Әкемізді, немерелері үшін ақылшы атамызды сағына еске ала отырып, топырағың торқа, жанның жәннатта нұрлансын деп Алладан тілейміз, Құран бағыштаймыз.

Әке өзің жайлы айта алмаймыз тауысып,
Ел айтады, жұрт айтады жарысып.
Көпшіліктен алған алғыс, сауабың,
Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Ақылшы ата көзден кеттіңіз мәңгі жырақтап,
Сенбей сізді көп іздедік
жан-жағымызға қарайлап.
Жаңа білдік,кетіпсіз ғой бұл өмірден мәңгіге,
О дүниені мекен қылып мәңгілікке тұрақтап.

Адам мәңгі жүрмейді екен бұл жалғанда,
Көнеміз ғой тағдырдың біз салғанына.
Көздеріне еріксіз ыстық жас келеді,
Немерелер өзіңді сағынып, еске алғанда!

Бәйтеректей әулетке сая болған,
Бәрінен де мейірімін аямаған.
Жәннатта жаның болсын, рухың биік,
Өзіңдей қайда бізге ардақты адам.

Жалғап өскен ағайынның арасын,
Қайран Әке, сен бір төбе дарасың.
Тірі болса артыңдағы ұрпағың,
Әке – ата сіз мәңгі есте қаласыз!

Мейіріммен жымиған күлкіңізді,
Еске алып, мәңгілікке сағынамыз.
Жатқан жерің, жаныңызға жайлы болып,
Сәуле шашып тұрсыншы қабіріңде.

Еске алушылар: Әлжановтар әулетінің ұл-қыздары, немере-жиендері мен шөберелері атынан - ұлы Беркінбай.

Тамаққа қосатын биологиялық белсенді қоспалар туралы не білуіңіз керек?

Тамаққа қосатын биологиялық белсенді қоспалар (БАД) – табиғи және (немесе) табиғи биологиялық белсенді заттар, сондай-ақ тамақпен бір мезгілде тұтынуға немесе тамақ өнімдерінің құрамына енгізуге арналған пробиотикалық микроорганизмдер. ББҚ мамандандырылған тамақ өнімдеріне жатады (яғни олар дәрі емес) және мемлекеттік тіркеуге жатады. Өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжат мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады. Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болуын Еуразиялық экономикалық комиссияның ресми сайтында мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінде тексеруге болады (https://eec.eaeunion.org).

ББҚ жарнамалау міндетті түрде келесі ақпаратты қамтуы керек: саудалық атауы; құрамына кіретін белсенді компоненттер туралы мәліметтер; қолданудың негізгі көрсеткіштері; қолдану тәсілі мен дозалары; негізгі жанама әсерлері мен қарсы көрсетілімдері; балаларға, жүкті әйелдерге, сондай-ақ ана сүтімен емізу кезеңіне қатысты ерекше нұсқаулар; сату шарттары; қолдануға көрнекі және түсінікті ұсыныстар; Қазақстан Республикасында шағымдарды қабылдауға өндіруші уәкілеттік берген тұлғаның атауы, мекенжайы; мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі, берілген күні болу керек. Теледидар мен радиоға, интернет-ресурстарға арналған жарнамада мынадай ақпарат болуы тиіс: саудалық атауы, негізгі қарсы көрсетілімдер, балаларға, жүкті әйелдерге қатысты, сондай-ақ ана сүтімен емізу кезеңінде ерекше нұсқаулар, қолдануға көрнекі және түсінікті ұсынымдар және міндетті түрде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі, берілген күні болу керек. Әр жағдайда жарнама келесі ескертулермен бірге аталған объект дәрі ретінде саналмайтыны туралы ескертумен жүреді. ББҚ сату кәсіпкерлік субъектісінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік міндетті түрде болған кезде жүзеге асырылуға тиіс. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың, сондай-ақ техникалық регламенттердің талаптарын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Құрметті тұтынушылар! Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы биологиялық белсенді қоспалар үлкен ассортиментін жарнамалайды және сатады. Осыған байланысты Сізге, өнімді таңдаған кезде мұқият болуды ұсынамыз. Сатушыдан биологиялық белсенді қоспалардың мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін талап етіңіз.

«Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ басшысының м.а.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Тайынша қаласының тұрғыны, аяулы ана, асыл әже, жүрегі таза, ниеті ақ ардақты жан, құрметті де сүйікті апайымыз

Баймұқанова Шәрипа Жанғожақызын

жеке меншік мерекесі туған күнімен құттықтаймыз! Ерекше жақсы көретін апайымыз қайсарлы мінезімен және еңбекқорлығымен, абырой-беделге ие болған отбасының алтын тірегі, ардақты ана, аяулы әже! Бүгінгі таңда өмірінің айтулы белестерінің бірі – 70 жасқа толып, береке дарыған отбасында қуанышты күн! Мерейтойлық дастарқан жайылып, ардақты жанға ақ тілектер арналды. Жалпы ол апайымыздың кішіге ілтипат, үлкенге ізет көрсете білуі бізге үлгі -өнеге. Мерейтой иесі, сіздің ана ретінде мейірім-шапағатыңыз зор. Осы қалпыңыздан таймай, асулардан асып, берекеңіз тасып, ата жолынан айнымай, арманның ажарында, бақыттың базарында күліп-ойнап жүре беріңіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын. Алдағы өміріңіз көзге көркемдік сыйлайтын сәулетті, ал әулетіңіз дәулетті болғай. Денсаулығыңыз мықты, ғұмыр жасыңыз ұзақ болып, ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышына бөлене беріңіз.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басынызға бақ пен ырыс сыйлаған,
Жетпіс жастың құтты болсын белесі.
Өміріңіз ұрпаққа өнеге мың
Тілейміз қуанышқа бөлегенін.
Жүзге келіп, марқайып отырыңыз
Қылығына қуанып шөберенің.

Жүрекжарды тілекпен: балалары, бауырлары, туған-туыстары.

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ, АРМАН ДҮНИЕ...

О, жалған дүние, арман дүние!? Дегеніне жеткізбей, әркімдерден қалған дүние. Қайғың менен қуанышың алмасып өткен қатал өмір-ай. Ардақты ұлымыз

ЖҰМАҒҰЛОВ АЗАМАТ ЖАНАТҰЛЫНАН

кенеттен айырылып қалғанымызға біршама уақыт өтсе де, көңіліміздің түкпірінде жатқан ауыр мұң көзімізге еріксіз жас әкеледі. Амал қанша көндік,аяусыз ажал мен қатыгез тағдыр деген осы болар.... Алланың рақымы мен Пайғамбардың шапағатын тілеп, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын, о дүниенің жақсылығын берсін дейміз. Өмірмен ерте қоштасып арманда кеткен баламызды, жанбай жатып сөнген бір ата-анадан туған бауырды қалай ұмытамыз? Азамат кімге де болса жанашыр болуға жаралғандай еді, достамандастарының арасында абыройлы,ағайын – туысқа да өте бауырмал болатын. Университет қабырғасында білім алған жылдары өзінің оқу-білімге деген құштарлығын әлденеше рет дәлелдеп, биік белестерден көріне білді. Оған дәлел артында қалған жоғары марапаттары, жүрегін жарып шыққан өлең – жырлары.... Әулетімізде орны толмас өкініш, ауыр күн, сәуір айындағы Азаматымыздың туған күні. Жыл сайын сол күні жанымыздан табылып, сағынышпен, бізбен бірге баламызды, бауырымызды еске алатын ағайын-туысқа, бауырларымызға алғысымыз шексіз. Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы, Сағынышпен туған - туыс еске алады. Азаматымызбен өткен бақытты күндер, Жанымызда мәңгілікке сақталады....

Сағынышпен еске алушылар: ата-анасы, ағайын-туыс, бауырлары.

70 ЖАС - МЕРЕЙ ТОЙ

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілігі бар, бірақ атқарған еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әркилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.....

Алайда, адал еңбегімен ел құрметіне бөленіп жүрген ел ағалары бар, олардың өнегелі өмір жолдары кейінгі ұрпаққа өнеге десек артық емес. Біздікі – еңбек адамына деген ізгі тілек қана. Адамды адам еткен еңбек дейді, Бала да еңбекпенен еңбектейді. Дүниеде бар жетістік, табыстарың, Еңбектің арқасында келмек дейді,- деп ақын жүрек жырлағандай, біз балалары мен немерелері әкеміздің,атамыздың еңбегін бағалап,өзіміздің сый- құрметімізді көрсетіп туған күн мерекесімен құттықтаймыз! Асқар тау әкеміз, ақылшы атамыз, отбасының – әулетіміздің тірегі

АТЫҒАЕВ БАУЫРЖАН ҚАЖЕҰЛЫ

сәуір айының 10 жұлдызында 70 жасқа толады.Әкемізді, арқа сүйер ақылшы атамызды туған күнімен құттықтаймыз! Алдағы өмір белестері қуанышқа толы болып, ұрпақтарының, ағайын-туыс, бауырларының ортасында әжеміз Алма Әміржанқызы екеуі бақытты да ұзақ өмір сүрсін! Ата, біз сізді ерекше құрметтейміз, сіздің айтқан ақыл-кеңестеріңізді ұмытпай жанымызда сақтаймыз! Денсаулығыңыз мықты, көңіліңіз әрқашан көтеріңкі болсын.

Келіп жеткен бүгінгі, Ата туған күніңмен!
Қуана түс, шаттана, күлкі кетпей жүзіңнен.
Жүз жасаңыз аташым, бата беріп біздерге.
Біз жүрейік қуантып, еріп ата сіздерге!
Қабыл болып батаңыз, көңіліңіз марқайсын,
Әуелетіп бағыңда, бұлбұл құстар сайрасын.
Туған күнің құтты болсын келіп жеткен,
Өмірің жаз күніндей жарқын болсын.
Алтын күздей жарқырап ақ көңілің,
Аппақ қардай тап-таза өмір болсын.
Аман болсын отбасыңыз, жақыныңыз,
Шаттықта өтіп, қуантып әр күніңіз.

Жүз жасаңыз Алла сізге ғұмыр беріп,
Жаныңызда әжемізбен бірге болып.
Көкжиектен күн шығып күлімдесін,
Бұл өмірдің салқыны білінбесін,
Сәттілікпен жалғасып әрбір күнің!
Ардақты Әке, ақылшы Ата, Туған күніңіз құтты болсын!

Ақ тілекпен жұбайы Алма Әміржанқызы, балалары: Нұрлан – Гүлнар,Серік-Наргиза және немерелері.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

Жездемнің құтты болсын жаңа жасы,қадірлі бола берсін ғазиз басы. Ұл-қызы шеттерінен атақты боп,тарихта қалсын мәңгі жақсы аты!

Бұл өлең жолдарын жездеміз, ардақты да ақылшы ағамыз, Тайынша қаласының тұрғыны, отбасында ардақты әке, ақылшы ата

АТЫҒАЕВ БАУЫРЖАН ҚАЖЕҰЛЫНА арнаймыз.

Алтын жезде туылған күнің құтты болсын!Жүзіңнен күлкі кетпесін,үйіңнен бақыт кетпесін. Әпкем екеуіңіз бақытты болып немерелеріңіздің қызығын көріңіздер. Алтыннан ардақты, күмістен салмақты жездежан,өмір жасыңыз ұзақ болсын, Алланың нәсіп еткен жасын жасай беріңіз.

Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз қуаныш пен бақытты күндерге толы болсын! Алланың назарында, бақыттың базарында болыңыз.

Ақ тілекпен балдыздарыңыз: Гүлназия, Анаргүл.

ҚҰРМЕТТІ МҰРАТ МЫРЗА!

Сізді жеке меншік мерекеңіз туған күніңізбен «Дебют» шахмат-дойбы клубының мүшелерінің атынан құттықтаймыз! Шын жүректен шыққан ізгі тілектерімізді қабыл алыңыз.

Сіз спорт мерекелеріне қатысып белсенді өмірлік ұстанымға және «Дебют» Шахмат-Дойбы Клубының құрамасының сапында округ пен ауданымыздың әлеуметтік дамуына қосқан зор үлесіңізге ризашылығымзды білдіреміз!

Сіз жұбайыңыз Ботагөз ханыммен (Алтын алқа иегері) бірге көп бала өсіріп, тәрбиелеп жеткізіп әр салаларда да жетістіктерге ие болып жүргендеріңізге біз куәміз. Балаларыңыз шахматтан, жасөспірімдер арасында облыс, аудан жеңімпаздары, оқушылар арасында Республикалық сайыстардың жүлдегерлері болды. Соның бәрі тынымсыз және жемісті еңбектеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіздің арқасында болған іс. Бүгінгі күндері сол аға-апайларының жолдарын басатын Айсұлу, Кішкенетөре, Ажар өсіп жетіліп келеді, тәубә! Олар алда аға-апаларының алған биіктерін еңсеріп одан да жоғары көрсеткіштерге жететіндеріне сеніміз мол! Болашақта да халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін қызмет ететініңізге сенімдіміз.

Сізге және Сіздің отбасыңызға зор денсаулық, бақыт, алға қойған мақсаттарыңызға жетуде табандылық пен жігерлік, ұзақ өмір тілейміз!

«Дебют» Шахмат-Дойбы Клубының атынан: С.КУПЕЕВ , О. СЕИТОВ.

● Сайлау - 2024 ● Сайлау - 2024 ● ● Сайлау - 2024 ● Сайлау - 2024 ●

2024 жылғы 31 наурызда өткен Тайынша аудандық мәслихатының шығып қалған депутаттың орнына сайлау қорытындылары туралы

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 31 наурызда бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Тайынша аудандық мәслихаттың шығып қалғанның орнына депутат сайлауы өтті. Сайлаушылар тізіміне 2 308 азамат енгізілді. Дауыс беруге 1538 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 56 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны - 3.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Тайынша аудандық мәслихат депутатын сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№ 8 сайлау округі бойынша

Гизеева Гульмира Олжабаевна үшін сайлаушылардың 173 дауысы берілді,

Сыздыков Бақыт Серикұлы үшін сайлаушылардың 158 дауысы берілді,

Хамзин Мереке Жаксылықұлы үшін сайлаушылардың 1104 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны – 67.

Тайынша аудандық мәслихатының №8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша депутатын сайлау қорытындысы бойынша - Хамзин Мереке Жақсылықұлы, 1987 жылы туған, Тайынша ауданы "AMANAT "партиясы" ҚБ филиалының төрағасы сайланды.

Тайынша аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Сайлау – 2024 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.
Индекс: **65710**
Газет әр аптаның **жұма** күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 121 . Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.